



№29 (618)
24 шілде,
2025 жыл

ҚАЛТАНДЫ ҚАҚҚАН ҚЫДЫРУ:

Қазақстандағы демалыс қымбат па?



Сурет ашық дереккөзден алынды

Асыға күткен жаз мезгілінің аяқталуына бір ай уақыт қана қалды. Әрине, тіршіліктің қамымен тынымсыз жыл бойына еңбек етіп келген халық тым болмаса екі нығын күнге тосып, табиғат аясында демалғысы келетіні хақ. Бірақ «барамын» дегенше, «бармай-ақ қойсам ба?» деген ой алдымен көлбейді. Неге дейсіз бе? Себебі еліміздегі демалыс орындарының бағасы шарықтап тұр, ал орташа жалақы еліміздегі демалыс орындарының прайсына сай емес екені рас.

«Өз елім — өлең төсегім» деп бекер айтылмаған. Бірақ кейінгі уақытта қазақстандықтардың көбі туған елін

емес, шетелді таңдайтын болды. Біреулер Түркияның жағажайларына асығады, енді бірі Вьетнамның шипажайларына қарай

бет бұрады. Мұның себебі қарапайым: Қазақстандағы демалыс қымбат. Кейде шетелде бір ай демалғаныңа төлейтін ақша, ел ішінде 5 күндік демалысқа жетпейді. Бұл — бір ғана мысал емес, көпшіліктің пікірінен туындап отырған мәселе.

4



ШЫРАЙЫ АРТҚАН ШАҒАР

Қызылорда — тек тарихи шежіресімен ғана емес, бүгінде қарқынды дамуымен ерекшеленетін аймақ. 2025 жылдың алғашқы жартысында атқарылған нақты істер мен қол жеткізілген жетістіктер — мұның айқын дәлелі. Бұл туралы қала әкімі Нұржан Ахатов өңірдегі БАҚ өкілдерімен өткізген кездесуінде баяндады.

— Сыр елі — өзінің шежірелі тарихымен ғана емес, соңғы жылдары серпінді дамуымен де ерекшеленіп келеді. Бас шаһардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінде өсімдер қалыптасып, мемлекеттік бағдарламалар мен инвестициялық жобалар сәтті іске асырылуда.

Жыл басында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Қызылорда өңірінде жүзеге асқан маңызды жобаларға ерекше тоқталып, макроэкономикалық көрсеткіштердің оң серпінін атап өтті.

2-бетте



Ұлағат БҰХАРБАЙ, кәсіпкер:

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДА «GIBADAT» БРЕНДІН ҚАЛЫПТАСТЫРҒЫМ КЕЛЕДІ

Кәсіп бастау үшін ізденіспен қатар үлкен тәуекел мен ерік-жігердің қажет екені рас. Жастар мұндайда аға буынның мол тәжірибесіне үйіліп, ақыл-кеңесін алуға тырысады. Осы орайда 10 жылдан астам уақыт құрылыс саласында еңбек етіп келе жатқан кәсіпкер, «Али-Асқар» ЖШС құрылтайшысы Ұлағат Бұхарбаймен сұхбаттасудың сәті түсті.

— Алдымен өзіңіздің еңбек жолыңыз, кәсіпкерлікке келу тарихыңыз туралы айтып берсеңіз.

— Мектеп оқитын кезден-ақ кәсіпке деген икемім бары байқала бастады. 6-7 сынын оқитын кезімде көшедегі адамдарға шемішке, сағыз сағатынмын. Ол кезде Юпи (Yupi) өте танымал сусын еді. Юпиді суға араластырып, тоңазытқышқа қойып, салқын күйінде саудаға шығаратынмын. Балалық шағым осындай ерекше сәттермен есте қалды. Өзім қазылықпын. 2003 жылы мектеп бітірген соң Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне оқуға түсіп, 2008 жылы заңгер мамандығын қызыл дипломға бітірдім.

3-бетте

ЕЛ САЯСАТЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ РӨЛІ ҚАНДАЙ?

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жастар саяси өмірге сирек араласып келеді. Саяси жүйе тұрмақ, өз өмірінде белсенділік танытуға талпынатын жас буын да төбе көрсете бермейтінін байқаймыз. Одан қалса, елдің ертеңіне алаңдаған ағайын алға озға, аяғын шалып әлекпіз. Содан мемлекеттік жүйе жастарға сенгенімен, оны қолға алуға ынталы жастың ыңғайын байқамаймыз. Мейлі, мәселе онда емес, бүгінде саяси аренада жастар қандай қолтаңба қалдырды? Қандай проблеманы шешіп, ықпалын өткізе алды? Мінберде мәселе көтеріп, оның соңын бақты ма? Шағын ізденіс жасап көрдік. Содан тақырыптағы сауалға нақты жауап таппасақ та, өзіндік нәтижелерге көз қуанып қалды.



Сурет ашық дереккөзден алынды

Зерттеулер көрсеткендей, қазақстандық жас ұрпақ саяси үдерістерге салыстырмалы түрде бейтарап қарайды және демократиялық бастамаларға қызығушылығы төмен. Десе де соңғы жылдары жағдай өзгеріп, жастардың саяси белсенділігі артып келеді. 2019 жылы жарияланған «Жастар жылы» кезінде де белсенді топтардың үні жергілікті билікке тансық әрекет болып көрінді. Осылайша, қазіргі таңда

жастардың саясатқа қатысуы тұрақты тенденцияға айналып келе жатыр деген ыстық үміт жоқ емес.

Жастардың белсенділігі «радикалды» болып бағаланды

Тәуелсіздік жылдары жастардың саясаттағы орны әлсіз еді. Бірқатар сарапшы Қазақстанның жас буыны саяси өзгерістерге көп көңіл бөлмейді деп жазады.

Sabar.asia сайтында жарияланған «Қазақстандағы мемлекеттік емес жастар белсенділігі қай деңгейде?» деген мақаласында сарапшылар жастар белсенділігі тарылып келе жатқанын айтты. Мақалада әсіресе қазақ жастарының ахуалын тілге тиек еткен.

5



ОЙЛЫ ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫНА
ЖАҢА КІТАП
ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

3



ТАҢМЕН ТАЛАСА ТҰР,
СТУДЕНТ!

8

Басы 1-бетте

ШЫРАЙЫ АРТҚАН ШАҒАР

Бюджетістіктер – ел Президентінің нақты тапсырмаларының, Үкіметтің жүйелі қолдауының, облыс басшысының ұтымды үйлестіруінің, ең бастысы, жерлестеріміздің ауызбіршілігі мен ортақ жауапкершілігінің айқын көрінісі, – дейді қала әкімі.

2025 жылдың 1 шілдесіне облыс бюджеті 790,4 миллиард теңгеге жетіп, небәрі екі жылда 2,5 есе артқан. Қалалық бюджет те екі есе өсіп, 144,7 миллиард теңгеге жетті. Бюджет түсімдерінің 21,1 миллиард теңгесі – жергілікті кірістер. Бұл – кәсіпкерлік нысандарды қайта бағалау, салық базасын кеңейту секілді қадамдардың жемісі.

Жарты жылда облысқа 295,1 миллиард теңге инвестиция тартылса, соның жартысы Қызылорда қаласына тиесілі. Қалада құрылыс көлемі 59,3 миллиард теңгеге жетіп, тұрғын үй 200 мың шаршы метрден асты. Өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, сауда салалары тұрақты өсім көрсетуде.

35 мыңнан астам кәсіпкерлік субъект тіркеліп, 65 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. «Өңірлік инвестициялық орталық» арқылы 5,8 миллиард теңгеге 124 жоба субсидияланған. Алдағы бесжылдықта 467,1 миллиард теңгенің 28 инвестициялық жобасы жүзеге асып, 4500 жаңа жұмыс орны ашу жоспарлануда.

Жаңа «Қорқыт ата» арнайы экономикалық аймағы құрылып, 156 миллиард теңгеге инвестиция тарту жоспарлануда. Қатысушы компаниялар салықтық және кедендік жеңілдіктерге ие болады. Бұл аймақ өңірдегі өндірісті өрістетіп, логистика мен IT салаларын дамытуға жол ашады.

2025 жылы жол-көлік жүйесіне 23,2 миллиард теңге бөлініп, 61,9 шақырым жол жөнделеді. 24,8 шақырым жаяу жүргіншілер жолы салынып, 42 көше жарықтандырылуда. Апатты үйлер мәселесі кезең-

кезеңімен шешіліп, тұрғын үймен қамтамасыз ету ауқымы кеңейіп келеді.

900 және 300 орындық екі мектеп пайдалануға беріліп, үшеуі дайын. Музыкалық колледж, шығармашылық академия, спорт кешендері, «ҚызылордаАрена» секілді ауқымды жобалар да іске асып жатыр. Денсаулық сақтау саласында 100 пәтерлік тұрғын үй, жаңа емхана мен көпбейінді аурухана салынуда.

Қала келбеті тек сәулетпен емес, жасыл желекпен де көрікті. Қызылордада көгалдандыру жұмыстары жүйелі сипат алып, табиғи ортаны сақтау мен жақсартуға бағытталған ірі жобалар жүзеге асуда.

– Өріптестік аясында қала аумағын көгалдандыру және абаттандырумен «KazStroy Capital Kyzylorda» айналысуда. 5 жылдық келісім аясында жүзеге асырылып



жатқан жобаның жалпы құны – 18,6 миллиард теңге, оның ішінде 2025 жылы – 1,98 миллиард теңге бөлінді. Жобаға 250 қызметкер мен 50 бірлік заманауи техника жұмылдырылып, ауа райының қолайсыздығына қарамастан күндізгі және түнгі ауысымда үздіксіз жұмыс жүргізілуде.

Биылғы жылы қала аумағында 46 мыңнан астам ағаш көшеті, 800 мың біржылдық гүл, сондай-ақ 13,5 мың көпжылдық гүл отырғызылды. 10 мың шаршы метрге жуық көгал төселді.

Көгалдандыруды заманауи деңгейге жеткізу үшін «Hunter» технологиясымен автоматты суару жүйесі орнатылды. Қала бойынша 45 шақырымнан астам құбыр тартылып, 5000-нан астам спринклер мен ротор, 25 ұңғыма мен насос станциялары іске қосылды. Бұдан бөлек, қала аумағында 992 гектар жасыл белдеу қалыптастыру басталды. 2030 жылға дейін 2,5 миллион ағаш отырғызу, тұқымбақтар мен зертхана салу көзделуде.

Бұл бастамалар Қызылорданың экологиялық ахуалын жақсартып қана қоймай, тұрғындарға жайлы әрі салауатты өмір сүру ортасын

қалыптастыруға бағытталған, – дейді Нұржан Сәбитұлы.

2025 жылы Қызылорданың Астана болғанына және «Қазақ» атауының қайтарылғанына 100 жыл толды. Осы тарихи мерейтойға орай дөңгелек үстел, оқушылар айтысы, жылжымалы көрмелер, спорттық сайыстар мен брейн-ринг секілді мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылады. Одан бөлек, «Қызылорда – Алаштың жүрегінде» атты тарихи-танымдық кітап дайындалуда.

Сондай-ақ Ұлттық Құрылтайдың V отырысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының ұсынысымен Сыр елінде өткізу жоспарлануда. Бұл да қаланың қаншалықты деңгейде өсіп-өркендегенінің айқын көрінісі.

Сыр өңірі бүгінде тек өткеннің шежіресін ардақтап қоймай, болашағына берік бағдар түзеп, нақты істерге көшкен өңірге айналды. Алда әлі де талай жоспар, ауқымды жобалар тұр. Бірақ елдің бірлігі мен басшылықтың батыл шешімдері арқылы бұл міндеттер де табысты жүзеге асарына сенім мол.

Нұршат НЫШАНОВА



АРАЛ: АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР ІСКЕ АСУДА

Айдынды Арал өңірінде ел көптен күткен жобалар жүзеге асуда. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында да оң тенденция бар. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында Арал ауданының әкімі Аманжол Оңғарбаев хабарлады.

Инвестиция игі бастамаларға жол ашатыны белгілі. Жыл басынан бері ауданға 16,5 миллиардтан астам инвестиция тартылып, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен салыстырғанда өсім 1,8 есеге жеткен. Өнеркәсіп саласында да қарқын бар. Мұнда 18,2 миллиард теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 5,1 пайызға жетсе, оның 70 пайызы өңдеу саласына тиесілі. 2025 жылы аудан көлемінде жалпы құны 13,1 миллиард теңге болатын 6 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланған. Оның ішінде «Ase Invest» ЖШС-нің «Тұрмысқа қажетті құрғақ ұнтақтар өндіру» жобасы мамыр айында жұмысын бастады. Жобаның құны 300 миллион теңгені құрып, 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал қалған 5 жоба жыл соңына дейін іске қосылмақ.

Ауыл шаруашылығы саласында 3,5 миллиард теңгенің өнімдері өңделген. Алты айда мал басы 249,1 мың басқа жеткен. Ал егін 983 гектар жерге егілген.

Теңізді өлкені айтқанда, балық шаруашылығының жайын қозғамау мүмкін емес. – Қазіргі таңда ауданда жылдық қуаттылығы 23900 тонна болатын 9 балық өңдеу зауыты жұмыс істейді. Оның ішінде 2 кәсіпорында Еуропа нарығына шығуға мүмкіндік беретін «Евроко» белгісі бар. Бұдан бөлек 15-ке жуық балықты сұрыптап қатыру және сақтау цехтары жұмыс істеді.

Бүгінгі күні ауданда тауарлы балық өсіру шаруашылығын дамыту басты міндеттердің бірі. Тауарлы балық өсірумен 16 шаруашылық айналысуда. Оның ішінде 7 көл тауарлы балық өсіру шаруашылығы, 8 тоған және 1 тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету құрылғылары арқылы балық өсіру шаруашылықтары жұмыс жүргізіп келеді. Қосымша жыл соңына дейін тағы 2 тоған шаруашылығын іске қосу жоспарлануда, – деді аудан әкімі.

Ауданда экологиялық ахуалды жақсарту бойынша да бірқатар жұмыс атқарылуда. – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында үкіметке экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі шараларды нақты жүзеге асыруға нақты тапсырма берген болатын. Тапсырмаға сәйкес Арал теңізінің құрғаған ұлтанына бес жыл ішінде жалпы аумағы 1,1 миллион гектар сексеуіл егу жұмыстары жүргізіліуі тиіс.

Арал теңізі құрғаған ұлтанының көлемі 4,5 миллион гектарды құраса, оның 2,2 миллион гектар жері Қазақстан Республикасына тиесілі. Осыған сәйкес елімізде биологиялық әркелкілікті сақтау және тиімді пайдалану жөнінде ұзақ мерзімді кешенді жоспар бекітілді. 2021 жылдан бастап, 2025 жылдың көктем мезгіліне дейін Арал теңізінің құрғаған табанындағы 790,9 мың гектарға сексеуіл көшеттері



мен тұқымдары егілді. Жоспар бойынша осы жылдың күз айында 15 мың гектар жерге сексеуіл көшетін отырғызу, 85 мың гектар жерге тұқым себу жұмыстары жүргізіледі. Арал теңізі мәселесіне шетелдіктер мен халықаралық қорлардың назарын аудару, өңірдегі экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған маңызды жобалар ел Үкіметінің және аймақ басшысының тікелей назарында екенін айта кеткен жөн. Осы мәселелер бойынша ауданға бірнеше мәрте үкіметтік делегация өкілдері келді. Тіпті әлемдік, халықаралық банктер мен қорлардың өкілдері экологиялық апат аймағында болып, теңізге деген жанашырлықтан туындаған әр бастамаға қаржылай қолдау беріп, жобаға жан бітіруге ынталы, – деді Аманжол Сақыпұлы.

Ауданды газдандыру бойынша соңғы 3 жылда 6,8 миллиард теңгеге 228,3 шақырым газ желісі жүргізілген. Ал аудан халқының 71,2 пайызы «көгілдір отынмен» қамтылған.

Ауданның Сыр беткейіндегі жұртшылық үшін жағымды

жаналық құны 6,3 миллиард теңгені құрайтын Қамыстыбас елді мекенін газдандырудың автоматты газ тарату стансасы құрылысы басталды. Бұл станса арқылы 18 елді мекендегі 15 мыңға жуық халық көгілдір отынға қол жеткізеді.


Аралда инфрақұрылым, білім және денсаулық салалары бойынша да ауыз толтырып айтарлықтай жаңалықтар бар. Өткен оқу жылында 59 мектеп бітіруші «Алтын белгі» иеленсе, 88 оқушы «Үздік аттестат» иегері атанған.

Денсаулық сақтау саласында да жаңа медициналық нысандар ел игілігіне берілді.

– «Ұлт саулығын нығайту» жобасы аясында орталық аурухана жанынан 17 төсектік нейрор-инсулт, 35 төсектік кардиология бөлімшелеріне арналған жапсаржай құрылысы басталды. Оған МРТ және ангиограф қондырғылары орнатылатын болады. Осы арқылы аудан тұрғындары өзге аймақтарға бармай, өз жерінде тиісті ем алуына мүмкіндік туады, – деді аудан әкімі.

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ

ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК – ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА



– Біздің алдымызға қойылған негізгі міндет – тексеру жүргізіп, айыппұл салумен ғана шектелу емес. Ең бастысы, өндіріс орындарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету. Биылғы алты айда 12 профилактикалық бақылау жүргізіліп, 800-ден астам қауіпті өндірістік объект зерттелді. Нәтижесінде 500-ден астам заң бұзушылықтар анықталды. Бұл – қауіпсіздікке немқұрайлы қарауға болмайтынын көрсетеді. Әсіресе кейбір өндіріс орындарында талап өрескел бұзылғандықтан, бірқатар ұңғымалардың жұмысын тоқтату туралы шешім қабылданды. Жоспардан тыс тексерулер барысында да заң бұзушылықтар кездесіп, кей кәсіпорындарға айыппұл салынды. Бірақ біздің мақсатымыз – жазалау емес, әр кәсіпорында қауіпсіздік деңгейін көтеру. Тексеру кезінде бірінші кезекте ескерту беріліп, кемшіліктерді түзетуге уақыт беріледі. Егер ол уақытында орындалмаса, заң аясында жауапкершілік қаралады. Өнеркәсіптік қауіпсіздік – бұл қағаз жүзіндегі талап емес, адамның өмірі мен денсаулығына деген жауапкершілік, – деді Еркебұлан Жұмағалиұлы.

«АЖ» ақпарат

Ұлағат БҰХАРБАЙ, кәсіпкер:

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДА «GIBADAT» БРЕНДІН ҚАЛЫПТАСТЫРҒЫМ КЕЛЕДІ



– Басқа саланы емес, құрылыс заттары дүкенін ашуға не себеп болды? Орталық қанша уақыттан бері жұмыс істеп келеді? Жұмыс бір ізге түсіп, елге танымал болуы үшін қандай кедергілерден өттіңіз?

– Университті аяқтаған соң «Шапағат» атты құрылыс компаниясында заңгер болып еңбек еттім. Тендермен де айналысып көрдік. Құрылыс саласына деген қызығушылық пен алғашқы тәжірибе осы кезде қалыптасты деп ойлаймын. Оқуды үздікке аяқтаған кәсіби заңгер болғаныммен, сауда жағы ұнап, осы бағытқа бет бұруды жөн санадым. 2014 жылға дейін бірнеше жұмыспен айналысып көрдім. Атыраудан балық әкеліп саттым. Көзілдіріктер, тұрмыстық заттар, кеңсе заттарын да саудаға шығардым. Өзімді кәсіптің әртүрлі қырынан байқап көрдім. Алла ниетіне қарай, жұмыстың да ыңғайын келтіріп, берекесін береді ғой. Бірде Қазалыда құрылыс заттарын сатумен айналысатын достарыма қызығып, мен де осы кәсіпті бастауға ниеттендім. Еңбекәқымнан 500 мың теңге жинақталды. Алматыдан материал тасымалдадық. Осылайша 2014 жылы қазіргі мекен-жайымызда кішігірім ғана құрылыс дүкенінің негізі қаланды.

Алғашқыда құрылыс дүкенін інім екеуміз бастасaq, Аллаға шүкір, қазір 50 адам қызмет етеді. Он жылдың ішінде базарда 3 сауда орнын аштық, ал Жаңа базардағы SMALL сауда үйінде қоймамыз бар. Аймақ бойынша 50-ге жуық дүкенмен байланыс орнатып, материалдарды тасымалдаумен айналысамыз.

– Сауда орнында қандай құрылыс материалдары бар? Ең көп сұранысқа не деп қандай заттарды айтар едіңіз?

– Қазір аймақта құрылыс саласының қарқын алғанын, жаңа ғимараттардың бой көтеріп, бірқатар нысандардың салынып жатқанын бірден байқауға болады. Сондықтан құрылыс заттарына деген сұраныс та жоғары. Бүгінде қолында қаржысы бар адамның бәрі үлкен үй салып, ал енді бірі үйіне жөндеу жасатқысы келіп тұратыны рас. Құрылыс материалдарының ішінде цемент, әк пен соған қажетті заттар, кафель мен ламинат жиі саудаланады деп айта аламын.

– Құрылыс заттары көбіне шетелден келеді. Сондықтан бағасы да арзан болмайтыны рас. Бірнеше жыл бұрын құрылыс материалының қымбаттығы жиі айтылып еді. Қазіргі нарықтағы баға туралы не айтасыз? Құрылыс материалдарының бағасы қаншалықты өзгеріп тұрады?

– Бұрын материалдардың көбі шетелден жеткізілетін. Қазір Аллаға шүкір, негізгі құрғақ қоспалардың барлығы елімізде өндіріледі. Оның ішінде арзаны да, қымбаты да бар.

Қызылордадан шығатын құрғақ қоспалар мен кафельдің бағасы арзан деп айта аламын. Цемент те, әк те өзімізден шығады. Ал қымбат өнімдер Алматы, Ақтөбедегі зауыттардан келеді. Кейбір материалдар Өзбекстан, Қытайдан жеткізіледі.

Құрылыс материалдарының бағасын нарық пен сауда орындары арасындағы бәсекелестік белгілейді. Алдағы уақытта құрғақ қоспа, кафель желімдерін «Гибадат» деген брендтік атаумен өзімізде өндіру ойда бар. Бүгінде сол бағыттағы жұмыс басталып та кетті. Себебі мұндай желімнің негізгі ингредиенті – құм. Ал құм Қызылордада арзан. Бір көлік құмның бағасы шамамен 15 мың десек, Астанада 200 мың, Шымкентте 50-60 мың теңге тұруы мүмкін. Біздің облыстың бір ерекшелігі құмды аймақ болғандықтан, кафель желімін өзімізде өндіре берсек болады. Жұмыс күші қымбаттау болуы мүмкін, бірақ бастап көруге болатын жоба деп ойлаймын.

– «Гибадат» дүкенінің әлеуметтік желідегі парақшасын

«әлеуметтік желіде болмасаң, бизнесің де жоқ болып есептеледі» деген тұжырым пайда болды. Болашақта телефон арқылы онлайн тапсырыс берушілер көбейетін секілді. Қазірдің өзінде күніне шамамен 40 адамнан тапсырыс қабылдайтын болсақ, соның 10-ы телефон, әлеуметтік желі арқылы хабарласады. Болашақта бұл көрсеткіш бұдан да артуы мүмкін. Сондықтан әлеуметтік желіге барынша көңіл бөлуіміз.

– Тұлғалық дамумен қатар серіктестіктегі қызметкерлердің бірлігін, ұйымшылдықты басты орынға қоятыныңызды байқадым. Қазір бизнес бастағысы келетін жастар көп. Бірі курстарға қатысып, кітап оқып дайындалса, бірі кәсіпкерлерге көмектесіп жүріп, олардан үйренуге тырысады. Осы жолда жүріп келе жатқан адам ретінде өзіңізден кейінгілерге қандай кеңес берер едіңіз?

– Жұмыс барысында барынша қызметкерлерімізді қолдауға тырысамыз. Екі-үш жыл бұрын бір қызметкерімізге үй сыйласақ, жақын арада тағы да бір әріптесімізді баспанамен қуантуды ойлап отырмыз. Жақсылық жасауды жаныңда жүрген адамдардан бастау керек деген ұстанымымыз бар. Сондықтан әр жыл сайын бір әріптесімізге үй немесе көлік сыйласақ дейміз. Одан бөлек, «Гибадат» сауда орындарының 10 жылдығына орай былтыр 40 қызметкерге 100 000 - 1 200 000 теңге аралығында ақшалай сертификаттар, шетелге саяхат жолдамасын табыстадық.

Компания дамығаннан кейін, оның басшысы ретінде өзің де дамуын керек. Сондықтан барынша жастарға үлгі болуды мақсат етудеміз. Кәсіпті жүйелеу үшін курстардан өтіп тұрамыз. Ал бизнеске енді қадам басқан жастар теориялық тұрғыда да білім жинақтап, кітап оқуы қажет деп ойлаймын. Сонымен қатар ақылдасып, ой бөлісетін кәсіпкерлік орта, жанашыр жандар қажет.



қарап көрдім. Визуалы ерекше, контенттері де қызық екен. Әлеуметтік желідегі белсенділік дүкеннің танымалдығы артуына ерекше әсер еткен болар?

– Осы дүкенді ашқанда жаныма інімді алып бастадым деп едім ғой. Дүкенге осы кенже інімнің атын қойдым. Өзіміз Ұлағат, Сағадат, Гибадат атты үш ағайындымыз. «Гибадат» атауы қазіргі заманға сай жеке бренд болып қалыптасуы үшін жұмыс істеп жатырмыз. Бизнесітегі қазіргі талаптардың бірі – әлеуметтік желіде белсенді болып, тұрғындарға өнімді онлайн жарнамалап, тұрақты түрде байланыс орнатып, толыққанды ақпарат ұсынып отыру қажет. Сондықтан болар,

– Алдағы уақытта дүкенді кеңейту немесе өзге де бизнес түрлерін қатар жүргізу ойыңызды бар ма?

– Алдағы уақытта кәсіпкерлікті кеңейту ойда бар. Республика көлемінде танылып, дүкендер супермаркет, гипермаркет болса дейміз.

– Сұхбат үшін рақмет!

Әңгімелескен
Айдана ЖҰМАДИНОВА



Қалам мен қағазды серік етіп, журналистік жолда шыңдалған Балтабайдың ақындығы барын көпшілік біледі, жазушылық қыры мен қабілетінен де оқырман хабардар. Көркем әдебиет жанрын жанына серік етіп, өмірде көрген, білген, естіген әңгімесіне қиял қосып қуаттап, сюжетін келтіріп жазу қалам ұстағанның бәрінің қолынан келе бермейді. Әріптесіміз, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Балтабай Аябекұлы өзінің тырнақалды туындысын жарыққа шығарды. «Руханият орталығында» «Әке – қорғаным» атты кітаптың тұсаукесер салтанаты өтті.

ОЙЛЫ ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫНА ЖАҢА КІТАП ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ



Өзі жақсы адамның жанына ізгі жақсы жолдас болмақ. Өзі көпшіл Балтабайдың сыйласатын ортасы да көп екенін кешегі кеш дәлелдеп бергендей. Руханият ордасына айналған орталықтың залына лық толған оқырман жаңа кітапты қолға алып, парактауға асыққаны аян.

Салтанатты іс-шараға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев, облыстық мәслихат депутаты Жұмабек Емберенов, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Марат Аралбаев, республикалық «Халық» газетінің бас редакторы Нұржан Әбжанұлы, аудандық редакция ұжымы мен ардагерлері, зиялы қауым өкілдері мен әріптесіміздің жақын-жуық, туған-туысы, анасы арнайы қатысты.

Жаңа кітаптың тұсаукесері әке мен бала арасындағы салмақты, мазмұнды әңгімеге, өсиетке негізделген прологпен бастау алды. Туындының тұсаукесерін Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Ақтөре Ибрагимұлы жүргізді.

– Ата-бабаларымыз «Жақсылықты бөліссен көбейеді, қайғыны бөліссен азаяды» деп бекер айтпаған. Біз бірліктің ақ туын биік ұстап, ынтымақтың ырысты жолымен қай кезде де жақсылыққа болысып, игі істерге ұмтылған, жұдырықтай жұмылған, ал сынақ келсе бірге еңсеріп, қайғы келсе қатар көтерген текті ұлттың ұрпағымыз. Осы ретте жастайынан жақсыларға жанасып, жаратылысынан жанашырлықты жанына серік еткен, әкенің тәлімімен, анаңның тәрбиесімен ізгі азамат болып қалыптасып, бүгінде еңбекке араласып, елге жақсы қырынан танылып жүрген қаламдас бауырымыз, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газеті бас редакторының орынбасары, «Өрлеу» жас-тар сыйлығының иегері Балтабай ініміздің орны бөлек. Ізетті ініміздің бағындырған әр биігіне қуанамыз, талабы мен талантын ұштап, сәттілік тілейміз. Ал былтыр ардақты әкесі Аябек ағамыз келмесің кемесіне мініп кете барғанда қатар тұрып егіліп, бір отбасына ғана емес бүтін бір әулетке, қауымалаған ағайынға ортақ қайғыны жүрекпен қабылдағанбыз. Бәріне уақыт емші екен... Міне, бір жылға жуық уақыт өткенде әке өсиетінен, ана өнегесінен нәр алған бауырымыз «Әке – қорғаным» атты кітабын шығарып, жаңа туынды оқырман қауымға жол тартқалы тұр, – деді Ақтөре Ибрагимұлы.

Одан кейін кезек «Әке – қорғаным» атты кітаптың тұсауын кесу, лентасын кию рәсіміне берілді. Ақ ниетті, ақ тілеулес жандар жаңа кітаптың тұсауын кесіп, оқырманның олжасына айналуын тілек етті. Ақ тілегін арнау үшін сөз кезегі аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Алпысбайұлына берілді.

– Бүгін мәні мен мағынасы жарасқан, тағылымы мол іс-шараға куә болып отырмыз. Жаңа өздеріңіз көрініске куә болдыңыздар. Әкеге махаббат деген осындай болса керек. Мен Балтабайдың әкесін, оның ар жағында аталарын, арғы тарихты білемін. Аталары атақты адамдар болған. Сонау заманнан Қазақ көшесінде тұрды. Бүгін сол қарашаңырақтың түтінін Балтабай ұлымыз түтетіп отыр. Әкелері, аталары қандай жақсы адамдар еді! Балтабай да сол ізгілердің тұяғы. Әрдайым жолың ашық болсын. Тағылымды туынды көпшіліктің сүйікті кітабына айналсын. Әсіресе әкеге деген махаббатың, сый-құрметің кейінгі

буынға үлгі болмақ. Құтты, оң бол-сын! – деді Мұса Келдібаев.

Одан кейін ақ тілектер мен ізгі лебіздерді «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Марат Жайылханұлы, облыстық мәслихат депутаты Жұмабек Әшімұлы, мәдениет саласының үздігі Жантемір Айсін, ардагер-журналист Шаһарбек Нұрсейіт, қоғамдық кеңес төрағасы Марат Еспенбетов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы Аяғөз Әбдіразақова, «Халық» газетінің бас редакторы Нұржан Әбжанұлы, меценат Мақсұт Әбдіғаппарұлы, ардагер-ұстаз Ұлмекен Жанәлісбаев жалғастырды. Одан кейін ағайын-туыстары мен әкесінің көзін көрген жандар тілектер легін жалғады.

Жаңа туынды «Әке – қорғаным» деп аталып, оған әңгімелер, мақалалар мен мөлтек сырлар, қысқа әңгімелер енгізілген. Жас қаламгердің тырнақалды әңгімелері көбіне өмірден алынған. Кітап материалдары «Тіршілік тынысы» газетінің редакциясында теріліп, беттеліп, «ЖК Сыр медиа» баспаханасынан басылып шыққан. Төл туындының алғысөзін Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ардагер-журналист Сауле Ерімбет, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» Сырдария аудандық филиалының төрағасы Шаһарбек Нұрсейіт, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, автордың ұстазы Аяғөз Әбдіразақова мен Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Ақтөре Ибрагимұлы жазып, жас жазушыға сәт-сапар тілеген. Кітап 5 бөлімнен тұрады. «Дала дүбірі», «Сезім сиқыры», «Перзенттік парыз», «Ең қысқа әңгімелер», «Өмір иірімдері» секілді тың тақырыптарды арқау еткен бөлімдерге автор өмірден алынған әңгімелерін топтастырады. Кітаптың техникалық редакторы – Ердіос Сәрсенбекұлы.

– Кітапқа тақырып тандарда ұзақ ойландым. Осыған дейінгі уақытта талай ұстаздың алдынан өтсем де, нағыз өмірдегі ұстазым әкем екен. Барлық өмірдің парқын түсіндіріп кеткен әкенің орнын ешкім баса алмаса анық. Кез келген бастамаға қолдау көрсетіп отыратын жанашыр жанның алыстап кете барғаны өкінішті. Бұл – кітап жалпы оқырман үшін арналған. Өмірден теперіш көрген жандардың ғұмыры суреттеледі. Лирикалық әңгімелерді оқып, өзгеше хикаяларға қанығасыз. Сонымен қатар жазық даладағы небір тосын оқиға оқырманға жол тартады. «Ең қысқа әңгіме» бөлімінде айтатын ойымызды қысқа ғана қайырамыз. Ата-ана алдындағы перзенттік парызымызды арнайы бөлім арқылы жеткіземіз. Сонымен қатар «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» демекші, кітаптың шығуына демеушілік көрсеткен меценат, белгілі кәсіпкер Әбділдаев Мақсұт Әбдіғаппарұлына шынайы алғысымды білдіремін, – дейді кітап авторы Балтабай Аябекұлы.

Салтанатты іс-шара барысында аудан өнерпаздары әншашуын ұсынды. Жаңа кітапты оқуға асығып келген ойлы оқырманға сиясы кешпеген кітап үлестірілді. Кітаптың шығуына атсалысқан азаматтарға Аябековтер әулетінің атынан сый-құрмет көрсетілді. Бала үшін әкеден асқан ұлы тұлға жоқ. Тұсаукесер рәсімімен бірге Аябек Ордабекұлының рухына Құран бағышталды.

Аружан МҰХАНБЕТҚАЛИ

ҚАЛТАҢДЫ ҚАҚҚАН ҚЫДЫРУ:

Қазақстандағы демалыс қымбат па?

Басы 1-бетте

Ел туризмінің халі қалай?

Кейінгі жылдары Қазақстанда ішкі туризм дамыды деп төс қаққанымызбен бағалардың да соған сай шарықтап кеткенін байқап жүріміз. 2023 жылғы ресми дерекке сүйенсек, қазақстандықтар ішкі туризмге 2,7 триллион теңгеден аса қаржы жұмсаған. Алайда бұл шығындардың тең жартысы шетелдік туристердің есебінен жиналған. Ал ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, 2024 жылы шетелге шыққан қазақстандықтардың саны ішкі туризм бойынша саяхаттағандардан шамамен 30%-ға көп болған.

Мәселен, Алматыдағы «Rixos» қонақ үйінде 5 күн түнеу үшін 800 мың теңгеден астам қаржы жұмсалады. Бұл бағаға Вьетнамда бір ай тұрып, үш мезгіл тамактанып, теңіз жағасында демалып келуге әбден болады.

Ішкі туризмдегі бір үлкен түйткіл – баға мен көрсетілетін қызмет сапасының арасындағы алшақтық. Жергілікті ойын-сауық парктері мен демалыс кешендеріндегі қызмет түрлері шетелдік баламасымен салыстырғанда әлдеқайда шектеулі, тіпті қарабайыр.

Мысал ретінде Алматыдағы «Мир фан-тазии» саябағын алайық. Адам басына кіру құны – 7 000 теңге. Орташа есеппен төрт адамдық отбасы саябаққа кіру үшін 28 000 теңге төлейді. Бірақ көңіл көтеру деңгейі осы қаражатқа сәйкес келе ме? Мәселе осында. Кезек көп, қызмет ауыз толтырып айтарлықтай емес, инфрақұрылым әлсіз.

– Алматыға қыдырып бардық. Өрине, ол жақтағы бағалардың біздің қалаға қарағанда әлдеқайда қымбатырақ екенін білдік. Десек те 2 аттракционға міну үшін 21 мың төлеймін деген ой болмады. Кезекті 40 минуттап күткеніміз аздай, кейбірі іске қосылмады да. Өкінішті-ақ... – дейді қала тұрғыны Маржан Әуезхан.

Қазақстанның табиғаты – нағыз көркем палитра. Төрт мезгілге төрт түрлі кейіп беретін дала бейне бір суретшінің кенебіндей. Елімізде ең танымал туристік бірнеше бағыт бар: Бурабай, Алакөл, Балқаш, Көлсай, Шарын, Түркістан. Бірақ бұл жерлердің бәрі қолжетімді дей алмаймыз.

Мысалы, Бурабай – бұрыннан «брендке» айналған мекен. Астанада бір аттам жерде болған соң, турист те көп, соған сай бағасы да аспандап тұрады. Алайда қызмет көрсету деңгейі сол баяғы «кенестен» қалған үлгі.

Алматы облысындағы Көлсай мен Қайыңды – әлеуметтік желілердің арқасында аса танымал. Жұрт жаппай ағылып жатыр, бірақ жолы жаман, инфрақұрылымы нашар. Бағасы шетелдік курортпен тең, бірақ қызмет көрсету деңгейі оған сай емес.

Бозжыра мен Каспий – көздің жауын алатын мекендер. Бірақ ол жаққа жету үшін жол азабына төзу керек. Соған қарамастан баға қымбат, себебі фотогенді табиғат қазір табыс көзіне айналған.

Сонда қарапайым халық қайда демалу керек? Неліктен ел ішіндегі туризм өзімізге тиімсіз?

Біріншіден, инфрақұрылым ақсап тұр. Жол жоқ, көлік қатынасы қиындау. Бір Көлсайға жету үшін жеңіл көлік емес, жүйке де қажиды.

Екіншіден, турист аз, баға жоғары. Бәсеке жоқ жерде баға үстем. Халықаралық бәсекелестік болмаған соң, жергілікті кәсіпкерлер де күнін көру үшін бағаны көтере беретіні анық.

Одан қалды сервисте сапа жоқ. Баға 5 жұлдызды болғанымен, қызмет 2 жұлдызға ғана татитын жерлер баратыны ағаш үстем. Мысалы, тәулігіне 40-50 мың теңгеге жалданатын ағаш үйде не мұздатқыш, не дұрыс ағып тұрған су жоқ.

Бірақ «Көздің жағасында ғой» деп құтылып кететіндері бар.

Брендинг бар, бірақ жауапкершілік жоқ. Әлеуметтік желіде «жұмақ» боп көрінетін жерлерде шын өмірде дәретхана табу мұн. Осындай қарапайым қолайлы жағдай жасалмай тұрғанда неге ішкі туризмнің дамымай тұрғанын аңғаруға болады.

Шетелге шығудың себебі неде?

Қазақстандықтардың басым көпшілігі шетелде демалуды таңдайды. Рас, Түркия, Грузия, Вьетнам секілді елдерде қонақүй, тамақ, қызмет көрсету сапасы мен бағасы үйлесімді. Тіпті әлеуметтік желіде «Біз шетелде жиі қыдырамыз, бірақ Қазақстанда қыдыруға әлі ақшамыз жетпейді» деген секілді тәтті әзіл мен ащы шындық жанасқан жазбаларды көріп жүріміз. Иә, шетел көрген жақсы ғой. Бірақ, әттен, бұл әзілдің астарында туризмнің ақсаған мәселесі жатқанын аңғара бермейміз.

Түркиядағы бір апталық all inclusive пакет орта есеппен 250-300 мың теңге. Ал Бурабайда қонақ үйде демалсаңыз, дәл осындай ақшаны тек үш күнде-ақ жұмсап тастайсыз. Вьетнамның Нячанг қаласында 300 мың теңгеге 7 күн бойы теңіз жағасындағы отельде тұрып, үш мезгіл тамактанып, экскурсияға қатысуға болады. Ал Қазақстанда бұл сомаға жай ғана жолақы мен екі күндік тұру ғана кіруі мүмкін.

Халықтың шетелге кетуінің тағы бір себебі – қолжетімділіктің жоқтығы. Демалыс орындары тек бағасын өсіріп, қызмет сапасын ұмыт қалдырғандай әсер қалдырады.

Несиеге қыдыру

Құлағымыз естіп, көзіміз көріп те жүр, қазақстандықтардың бір бөлігі несиеге барып демалуды әдетке айналдырды. Экономистер мұны дабыл қағарлық жағдай дейді. «Freedom Finance Bank» жүргізген 2024 жылғы сауалнама нәтижесіне сенсек, ел тұрғындарының 23%-ы шілде-тамыз айында демалысқа несие алған. Таңқаларлығы – бұл адамдардың 60%-ының төтенше жағдайға арналған қаржылық «жастығы» (подушка безопасности) жоқ.

Мәселен, орташа айлық жалақы биыл 365 мың теңге көлемінде болса, демалысқа кететін қаражат 600-700 мың теңгеге дейін жетіп отыр. Қарапайым есеппен алсақ, бұл – екі айлық еңбекақы. Шетелге шықпаса өзін қоғамнан шет қалғандай сезініп, психологиялық қысымның да кесірінен несиеге бататындар жеткілікті. Қазір қоғамда «жетпейтін дүние өмірі жетпейді» деген пікір қалыптасқан. Өзі сыныққа сылтау іздеп отырған халық үшін бұл жұбаныш көрінеді. Сосын несиеге ұрынады.

Қарызға рахат көріп, қарық болғанша, қарық болып, кейіннен ғаріп болып жүруді доғару керек. Қаржылық сауаттылықты арттырып, шығынды жоспарлап, қарызға кірмей демалу заман талабы екенін есте сақтайық.

Шешім қайда?

Жолдың ойық-шойқы, қызметкерінің қабағы қатұлы болса, ең көркем көрініс те көңілден шықпайды. Қазақстан табиғаты шетелден кем емес. Оны шынайы пайдаға айналдыру үшін құр уәдесен арылып, нақты шешімдерге көшу керек.

Алғашқы мәселелердің бірі – жол. Қайда барсаң да алдымен жол керек. Туристік орындарға апаратын жолдардың сапасы елдің бет-бейнесі екенін ұмытпауымыз керек. Асфальт жолдың жетіспеуі, бағыт көрсететін белгілердің болмауы, қоғамдық көлік қатынасының нашарлығы ел ішінде саяхаттауға кедергі. Мұндай бағыттарды арнайы картаға енгізіп, әр облыс пен аудан әкімдігіне жауапкершілік жүктеу маңызды. Шүкіршілік, бүгінде бұл бағытта алға ілгерілеу байқалады. Алайда арқаны әлі де кенге салуға болмайды.

Кезектегі келесі мәселе – таза дәретхана, қоқыс жәшігі, демалуға арналған көлеңкелі орын, байланыс желісі мен интернет. Бұлар жай ғана тұрмыстық дүние емес, туристі тартатын басты құрал. Туристік аймақтарда wi-fi нүктелері орнатылуы қажет. Ақпараттық стендтер мен карталар көп тілде жазылса, бұл сырттан келгендер үшін де, еліміздің азаматтары үшін де қолайлы болар еді. Сондай-ақ туристік аймақтарда жедел жәрдем, төтенше жағдай қызметі мен полицияның болуы міндетті.

Шағын кәсіпкерлер үшін туризмге арналған бизнес ашу қолжетімді болуы қажет. Қонақүй, дәмхана, киіз үй кешендері салғысы келетіндерге жеңілдетілген салық режимі және шағын несие, гранттар ұсынылуы керек. Халықаралық брондау платформаларында тіркелген нысандарды қолдау арқылы шетелдік туристердің санын арттыруға болады.

Брендинг демекші, елімізде туризмнің бренді нақты қалыптаспаған. Әлем біздің елді не үшін көруі керек деген сауалға нақты жауап жоқ. Шетелдік туристің санасында Қазақстан

туралы тұрақты образ қалыптастыратын бірегей символ, ұран, оқиға жетіспейді.

Біз тек Көлсай мен Шарынның суретін көрсете салумен шектелеміз. Жарнама жасайтын да, жар салып насихаттайтын да механизм әлсіз.

Ұлттық туризм бренді – бұл логотип немесе слоган ғана емес. Бұл елдің мінезі, қонақжайлылығы, менталитеті мен мақтанышы. Сол үшін қағажу қалған ұлттық брендингті қолға алу керек.

Қайда қыдыруға болады?

Хош, елімізде мүлдем арзан демалыс орны жоқ деп айту қате. Кең байтақ жерімізде қаржыны көп жұмсамай-ақ тамаша демалып, рухани дем толтырып қайтуға болатын өңірлер жетерлік. Ендеше арзан әрі әсерлі демалыс ұсынатын өңірлерді атап өтейік.

Шығыс Қазақстан облысы табиғатының сұлу көрінісімен ерекше. ШҚО өзен-көлдерімен, орман-тоғайымен және таулы аймақтарымен әйгілі. Ерекше атап өтуге болатын орындар қатарында Бұқтырма су қоймасы мен Алтайдың көркем табиғаты бар. Бұл жакта қонақ үйлер мен демалыс базалары қолжетімді бағада қызмет көрсетеді. Жергілікті тұрғындардан үй жалдау арқылы да шығынды үнемдеуге болады. Сонымен қатар базарлардан табиғи таза өнімдер сатып алып, тамақ шығынын азайтуға мүмкіндік бар.

Павлодар облысындағы Баянауыл ұлттық паркі – бюджеттік демалыс үшін керемет таңдау. Мұнда көлдер, таулар және тарихи орындар үйлесім тапқан. Жеке секторда тұру бағасы өте қолжетімді әрі табиғи ортада тынығу мүмкіндігі жоғары. Көл жағасында палатка тігіп, демалысты барынша үнемді өткізуге болады.

Сыр өңірі де тарих пен табиғаттың тоғысқан мекені. Қызылорда облысында демалысты шағын бюджетпен ұйымдастыру оңай. Байқоңыр қаласын, Жаңақорған шипажайын немесе Қамбаш көлі маңындағы демалыс аймақтарын аралау арқылы ерекше әсер аласыз. Бұл аймақта көлік пен тұрғын үй жалдау бағасы өзге өңірлермен салыстырғанда анағұрлым төмен.

Қызылорда облысындағы Қамбаш көлі оңтүстіктің күн шуағына шомылған, суы жылы, жағалауы кең табиғи айдын. Арал ауданы үшін ғана емес, бүкіл өңір үшін туризмнің әлеуетті нүктесі саналатын бұл көлге жыл сайын келушілер қатары артып келеді. Кейінгі жылдары көл маңында бірнеше демалыс базасы мен жастар лагері жұмыс істеп тұр.

Қамбаш көліне таяу орналасқан Шижаға ауылы да кейінгі уақытта ерекше серпін алып келеді. Бұл мекен жай ғана ауыл емес, құмы алтын, табиғаты тұмса, мүмкіндігі мол жаңа туристік бағыт ретінде қалыптасып жатыр. Келешекте Дубайдағы сахарадан кем түспейтіні сөзсіз. Себебі қазір мұнда құмды беткейлермен жүретін арнайы жол талғамайтын көліктермен саяхаттау, фотосессия жасау секілді жаңа бастамалар қолға алынып келеді. Шижаға алдағы уақытта тек Арал жұртына емес, бүкіл елге әйгілі туризм нүктесіне айналуы әбден мүмкін.

Алматы маңындағы Боралдайдың да табиғаты әсем, жолы жақын. Қонақ үйлердің бағасы тәулігіне 10-20 мың теңгеден аспайды.

Шымкент, Тараз бағытындағы автотурлар: Қоғамдық көлік арқылы барып-келуге болады. Қонақ үйлердің бағасы да тиімді. Апталық сапарға шамамен 100-150 мың теңге жеткілікті.

Қазір көптеген отандық туркомпания қаларалық тур ұйымдастырады. Мәселен, Шымкент – Түркістан – Сауран бағытындағы 3 күндік турдың құны 50-70 мың теңге. «ORDA travel» турагенттігі Алматы, Түркістан, Шымкент секілді қалаларға саяхаттауға мүмкіндік беретін турлар бойынша халық көңілінен шығып жүргені рас. Тіпті Қырғызстан, Өзбекстан, Дубай секілді елдерге де саяхаттауға болады. Оған көлік, жатын орын, тамақ және гид қызметі кіреді.

Бір күндік саяхат: Алматыдан Үлкен Алматы көлі, Тамғалы тас, Қашағай бағытында күндік турлар бар. Орташа шығын 5-10 мың теңге шамасында.

Қорытындылай келе, Қазақстанда қыдыруға бола ма? Өрине, болады. Бірақ бұл тек бағаға ғана емес, жоспарлауға да байланысты.

Ел ішіндегі демалыс орындары қымбат әрі қызмет сапасы ақсап тұрғанда, халықтың шетелге кетуі заңдылық. Ішкі туризм – экономиканың қозғаушы күші ғана емес, ұлттық танымның дөңкері. Жерұйықтай жеріміз бар, бірақ соны бағалай алсақ қана, бұл бағыт жемісін береді. «Отандық туризмді қолдайық» демес бұрын, «қазаққа Қазақстанды көрсете аламыз ба?» деген сауалға жауап берейікіші. Өсте қымбатшылықты «нарық заңы» деп ақтауды осымен доғарғанымыз жөн.

Қорлан САРЫ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

– Қазақстанда мемлекеттік емес, яғни үкіметке қатысы жоқ жастар белсенділігі жылдан-жылға тарылып барады. Белсенді, азаматтық ұстанымы бар жастардың бастамалары жиі «радикалды» деп бағаланып, қоғамда теріс қабылданады. Әсіресе, еркін түрде топтасып, тіркелмеген қозғалыстарды ұйымдастырғысы келгендер түрлі кедергілерге тап болуда. Бұл – билік тарапынан тәуелсіз бастамаларға деген сенімсіздік пен шектеулердің күшеюінен. Соның салдарынан көптеген жас ашық саяси кеңістіктен шеттеп, экологиялық немесе әлеуметтік сипаттағы уақытша, жергілікті акциялармен ғана шектеліп отыр. Алайда мұндай белсенділіктің жүйелі сипатқа ие болмауы – олардың қоғамдағы нақты өзгеріске ықпал ету мүмкіндігін төмендетіп келеді. Сарапшылар қазіргі ахуалды «еркін белсенділікке арналған кеңістік тарылды» деп бағалап отыр, – деп жазды Сергей Маринин.

Сондықтан да 1990-2000 жылдары саясат алаңында жастар қозғалыстары болмаса да, олардың қызметі көбіне әлеуметтік мәселеге бағытталды. Дегенмен әлеуметтік желілер мен азаматтық белсенділік құралдарын меңгерген бүгінгі ұрпақ саясатқа араласудың жаңа формасын дамытып келе жатыр. 2019 жылғы сайлау кезеңінде жастардың бұқаралық наразылығы мен өзіндік пікір білдіруі жастардың саяси сахнада серпіні бар екенін байқатады. Мысалы, Наурыз 2019-да Алматыда #МенОяным бейнеролигі таралып, белсенді жастар саяси жаңалық ретінде ескеріле бастады. Бірақ сол жылы «Жастар жылы» жарияланғанына қарамастан, билік тарапынан осы белсенді жастарының әрекеттері «радикалды» болып бағаланғанын атап өткен жөн. Осыдан кейін жастардың

Отан» жастар қанаты Нұрсұлтан Назарбаев бастаған «Нұр Отан» партиясында құрылды. Бұл мемлекеттік жобалар мен ұйымдар жастарды белсендіру мақсатында жасалғанымен, олардың саяси бәсекеге шынайы жол ашты деу қиын. Мысалы, «Дипломмен – ауылға!» сияқты бағдарламалар әлеуметтік қолдау болса да, жастардың билік шешіміне тікелей ықпал ете қойған жоқ.

Қазіргі кезде «жас саясаткер» тұжырымдамасы кеңінен қолданыла бастады. Парламент сайлау заңдарына енгізілген өзгерістерге сәйкес партиялық тізімдегі үміткерлердің кемінде 30%-ы 29 жасқа дейінгі азаматтар болуы тиіс. Сонымен бірге 2018 жылдан бастап «Президенттік жастар кадр резерві» бағдарламасы іске қосылып, 35 жасқа дейінгі талантты жастарды мемлекеттік қызметке тарту мақсатында біліктілік байқауы ұйымдастырылуда. Алайда осы шаралардың қаншалықты саяси өкілдікке әкелетінін әзірге айту қиын. Әйтеуір жастарды қызықтыратын «саяси әшекейлер» көбейді, бірақ оған қызығып жатқанын байқамаймыз...

Елбасыға ескерткіш қоюды ұсыну жастарды саяси сахнаға тартты ма?

Қазақстанның саяси сахнасында енді жастар санатқа жататын азаматтар белсенді көрініп жүр. Мәселен, 2021-2023 жылдардағы VII шақырылым Парламенті құрамында Мәди Ахметов сияқты 25 жастағы депутат болды. Ол – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең жас Мәжіліс депутаты. Ахметов – бұрын «Жас Отан» жастар қанатының Алматы филиалын басқарған, кейінгі сайлауда «Нұр Отан» партиясының тізімінен депутат болған өкіл. Әрине, тарих оның есімін түрлі эмоциямен


жасалған жобалармен толықтырылуда. Дегенмен жастардың партиялық шеңберден тыс бастамалары да бар, 2019 жылы Әл-Фараби даңғылында түскен бейнероликтерінен кейін Алматыда «Оян, Қазақстан!» қозғалысы құрылып, Ашық сайлау мен парламенттік басқаруды талап етті. Сол жылы «Мен ояным» әлеуметтік челленджі жастар арасында кеңінен тарап, олардың саяси белсенділігін арттыруға әсер етті. Осылайша, қоғамдық кеңестер мен жастар ұйымдары арқылы емес, өз бастамасымен еркін топтар да бой көрсетуде.

Жастардың саяси жүйеге қосқан үлесі де жоқ емес

Жастар парламентте, әкімдіктер мен партияларда ұсынылған жаңа идеялар мен заң жобалар арқылы өз ықпалын көрсетуде. Мысалы, сол кездегі жас депутат Мәди Ахметов 2022 жылы депутат ретінде Назарбаев дәуіріндегі «Елбасы туралы» конституциялық заңның күшін жоюға дауыс беріп, биліктегі артық құқықтарды шектеуді қолдады. Жергілікті деңгейде де жастар ұсынымдары қарастырылуда. Көп облыс пен қалада кеңірек қалпына келтіру жобалары, экологиялық бастамалар талқыланып, іске асып жатыр. Мысалы, жастардың ұйымдастырған «Менің үйім», «Менің ауылым» секілді урбанистикалық жобалары арқылы көпқабатты тұрғын үйлердің абаттандырылуы мен қоғамдық кеңістіктердің жасылдандыруы пысықталуда. Бұл бастамалар ішкі саясаттың күн тәртібіне жастар ұсынған жобалардың енгенін көрсетеді.



ЕЛ САЯСАТЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ РӨЛІ ҚАНДАЙ?



саяси ұстанымдарына әрікарай көңіл аудару билік үшін маңызды мәселелердің біріне айналып үлгерді.

Жастарды «саяси әшекей» қызықтыра ма?..

Токсаныншы жылдары Қазақстанда әртүрлі жастар қозғалысы мен ұйымы пайда болды. Е-ресурстардағы деректерге қарағанда, 1992 жылы «Поколение» қозғалысы құрылып, кейінгі жылдары «Қазақстанның болашағы үшін», «KAZAKHSTAN 2030» секілді жастар ұйымдары мен партиялар құрылды. Алайда бұл қозғалыстардың көбі мемлекеттік қолдауға ие болмағандықтан ұзақ өмір сүрмеді. Кейінгі кезеңде мемлекеттік деңгейде жастарды тарту шаралары күшейе бастады. 1999 жылы Қазақстан Президенті «Жастар саясаты тұжырымдамасын» бекітіп, жастарды білім, еңбек және инновация саласына тарту мақсатын айқындады.

2005 жылы басталған «Жасыл Ел» эко-жобасы арқылы ауылдық жердегі талай жастарға әлеуметтік жұмыс ұсынылды. Мысалы, 2010 жылы «Жасыл Ел» еңбек жасақтары 3692 жұмыссыз жас адамның қатысуымен Алматы қаласының айналасындағы 966 гектар аумақты тазалап, 635 894 түп ағаш отырғызды. Сол жылы «Жас

қабылдады. Өйткені кейбір БАҚ Ахметовты жағымпаз депутат ретінде айшықтады. Оны ашық айтқандардың қатарында қоғам қайраткері, журналист Арман Шораев та бар. Шораевтың: «Біздің елде де жағымпаздық көп. Біреудің бір жерін жалап жоғары мансапқа жетіп жүргендер бар. Жас депутат Мәди Ахметовтің билікке қалай келгенін бәріміз білеміз ғой. Ол жастарға теріс үлгі. Ондайлар көп қой. Жағымпаздарды депутат қылу – билік қастандығы» деген пікірі бар.

Осындай мысалдар жастардың партиялық құрылымдардан ұшқырлық тапқанын аңғартады. 2022 жылғы қаңтардағы халық толқынында да жастар көп болды. Қала көшелерінде газбен жанармай бағасының қымбаттауына наразылық білдірушілер арасында жастары 20-30-дағы азаматтар бар еді. Олар бейбіт акциялар ұйымдастырып, әлеуметтік желіде ақпарат тарату арқылы өзінің ұстанымын жеткізді. Алайда бұл шерулер билік тарапынан қатал шектеуге ұшырады. Билік партияларының өз ішінде де жастар ұранының естілуі байқалады.

Мысалы, «Аманат» партиясының жастар қанаты бұрынғы «Жас Отан» атынан саяси кадр дайындаумен айналысады, ал жаңа тіркелген Respublica, «Бәйтерек», «Ақ жол», «Қазақстанның халық партиясы» секілді күштердің бағдарламалары жастарға арналып

Алайда жастардың кейде өткір ескертпелері қарама-қайшы реакциялар туғызады. Қағаз қаладағы полиция бекетіндегі ойыншық сейфтің сынықтары мен граффити алаңда өткізілген акцияның зардаптары екенін көруге болады. Мұндай оқиғалар жастардың наразылық акцияларының жергілікті кеңістікте шиеленіс тудыратынын көрсетеді. Жастардың үнін билік кейде «ашық пікірталас емес» деп бағалайды. Жалпы алғанда, жастар талабы қоғамдық резонанс тудыруға, медиаға жаңалық беруге қабілетті, бірақ олардың ұсыныстарының бәрі сәтті жүзеге аса бермейтінін де ұмытпайық. Кей өңірлерде жастар кеңестері құрылса да, ондағы шешімдер көбіне жай ғана ұсыныс ретінде қалып, нақты реформаларға айналуы сирек кездесіп жатыр. Демек, жастардың барлық бастамалары жан-жақты қолдау табуға міндетті деген пікір де теріс екенін есте ұстаған жөн.

Расын айтқанда, қазірде жастар саяси жүйеге жаңа дем мен көзқарас әкеледі. Олар технологияға икемді, мемлекеттің жұмысындағы цифрлық өзгерістерді жедел сезе алады. Ашықтық пен еркін ойлау арқылы олар халықпен тікелей байланыс орнатып, әлеуметтік желілерде кең қолдау табады. Мысалы, интернет арқылы басталған #МенОяным шиеленісі тікелей саяси мәселені жариялады. Бірақ жастардың басты әлсіздігі –

тәжірибенің аздығында. Көп жағдайда олар мемлекеттік басқарудың күрделілігін толық ұғынбайды. Сондай-ақ институттар тарапынан жастар бастамаларына берілетін қолдау аз, ал жаңа жобаларды тұрақты жүргізу үшін мотивация жетісе бермейді. Осындай қиындықтарды ескере отырып, жастар ортасын дамытуға арнайы әлеуметтік кадр резерві қызметі керек екенін байқаймыз.

Шетелдік жастар үкіметті басқарып жүр

Әлемде де жастар саяси сахнаға шығып жүрген елдер бар. Мысалы, Францияда Президент Эмманюэль Макрон жас кадрларға сенім артып, 2024 жылы 34 жастағы Габриэль Аттальды Премьер-министр қызметіне тағайындады. Атталь өзінің жас мөлшерін атап, «Мұнда жас ұрпаққа сенімнің символы ғана көрінгенін қалаймын» деді. Финляндияда 34 жаста басшы атанған Санна Марин ел тарихындағы ең жас үкімет жетекшісі болды. Шығыс Еуропада да жастардың белсенді қозғалыстары бар, мысалы Польшада жаппай экологиялық шерулер, Сербияда Отпoг қозғалысы өткен. Оңтүстік Кореяда жастар 2020 жылдардағы сайлауларда партиялар

ұсына бастаған, ал Жапониядағы Либерал-демократиялық партияның «Жас саясаткерлер» одағы белсенді жұмыс істейді. Бұл елдерде жастар саяси жүйеге партиялардың тізіміне, үкімет кабинетіне еніп отыр. Қазақстан да партиялық тізімдерінде жастарға кемінде 30%-дық квота міндеттеген заң қабылдады. Алайда қазіргі кезде жаңа партиялар мен билік жетекшілері Қазақстандағыдай жастар кадр резервін құрып, мүмкіндіктер ұсыну жолында. Дегенмен шетелдік тәжірибеде ел ішінде ашық сайлау мен жүйелі кадрлық жаңару арқылы жастар үні естіледі деу сенімді дүниеге айналып келеді.

«Қазақстандағы жастар саясаты – жай сахнада бейнелеу ме, әлде нақты трансформацияның бастауы ма?» деген сұраққа нақты жауап таба қоймадық. Мысалы, 2022 жылғы қаңтар оқиғасынан кейін Мемлекет басшысы жастармен тығыз жұмыс жасау қажеттігін жиі атап жүр. Франция тәжірибесін ескере отырып, біздің елде де билік жағы жастарға сенім артуға дайын екенін айтуға болады. 2023 жылғы саяси реформалар кезінде жаңа партиялардың тізіміне жастар белсенді түрде еніп жатыр. Дегенмен бірқатар сарапшы Қазақстан азаматтық қоғамының қалыптасуы әлі де бастапқы кезеңде екенін, жастар үнінің ешқашан да толығымен «тыңдалып», саяси еркіндікке айналмағанын атап көрсетеді. Саяси жүйені жаңарту үшін жастардың саяси қатысуын кеңейту маңызды. Жас буын заңнамада, сайлау процесінде, қоғамдық тәртіпте көп өзгерістер әкелуі мүмкін. Мысалы, Габриэль Аттальдың сөзінше, жаңа үкімет жас ұрпаққа сенімнің символы болуы тиіс. Сондықтан алдағы онжылдықта жастар саяси мәдениетті жаңартып, цифрлық және әлеуметтік желідегі белсенділік арқылы қоғамға ықпал ете алады. Қазақ жастары бұл жолда кедергілерге кездесетіні ақиқат, бірақ оларды елеусіз қалдырмау арқылы келешек қоғамның тұтастығына сеніммен қарауға болады. Мақаланың тақырыбындағы және тақырыпшалардағы сұрақтарға барынша жауап іздеп көрдік. Бәлкім жауап ұсынған да болармыз, десе де нақты айтатын ақиқаты көмескі. Қалғанын уақыт көрсетер, әзірге ізденістен түйгеніміз – осы.

Е.СӨРСЕНУЛЫ,
журналист



ӨМІР ЖАҚСЫ АДАМДАРМЕН ӘДЕМІ

Өмір – ғажап сый. Оның мәні байлық немесе күнделікті қайта-қайта орындалатын тірлік емес, жаныңның тыныш болуы, айналадағы адамдардың айтқан жылы сөзі мен кездейсоқ кездесулердегі жақсы сәттер.

Әлеуметтік желіні парақтап отырып, жиі аз қамтылған отбасыларға көмектесіп жүрген не жай өтіп бара жатқан адамға қуаныш сыйлау үшін шоколад, ораза айы кезінде уақытылы үйіне жете алмай жатқан жандарға су мен құрма тарататын бейнежазбаларды көп байқайтын едім. Өмірде осындай жағдайларды көзбен көру арманым еді. Бірақ қоғам суып кеткендей болды, бір жасаған жақсылығын он есе шығарып алмай райынан қайтпайтын, ісінің өтеуін күтетін, «әйтеуір өзім аман қалсам болғаны» деген ұстаныммен жүретін қоғам жансыз тәнге айналғандай болды. Оған қарамастан адамгершіліктен озбай, жүрегі мейірімге толы, ісіне де, өзіне де адал адамдардың бар екеніне әлі сенімдімін.

Көктем енді келіп, ағаштар бүршік атып жатқан кез. Бірақ ауа-райы қыстың желтоқсан айындай. Студенттің. Ауылды сағынып, автобуска мініп



қайтып бара жатырмын. Көзім ілініп кетіпті. Түнгі екіге таяу тоқтамай айқайлап жатқан қыздың дауысынан ояндым.

– Амал жоқ, өздерің қайтыңдар дейді. Күтсең, таңға дейін күтесіңдер дейді ғой бізге, – деген сөзін естідім.

Қарасам, автобустың іші жартылай бос. Автобус екі қабатты еді. Астына түсіп қарадым. Дәл сол көрініс. Айдалада тоқтап тұрмыз. Бәрі туыстарына, ата-аналарына хабарласып жатыр. Он бес минуттай бақылап қана не болғанын түсіндім. Көлік істен шығыпты, ал келесі автобус тек таңда жолға қамданады екен. Мен де басқа жолаушылар секілді аң-таңмын. Ата-анама хабарластым. Қоңырауларым бармай тұр. Енде қайтемін деп үмітім үзілді. Басқалар көмек күтіп отыр. Бір кезде анам хабарласты. Мәң-жайды айттым.

– Қазір ағаңа хабарласамын. Күте тұр, – дейді анам. Сол кезде:

– Девушка, студентсіз бе? – деді артымда отқан жолаушы әйел.

– Иә.

– Мені алып кетуге қазір ағам келеді, бізбен жетіп қалыңыз. Автобуста тағы да таныстарыңыз

бар ма? Егер алып қайтуға ешкім келе алмаса ала кетейік.

Кейін мені ағам алып кетті. Бірақ осы сәтте жаным тыныштық тапқандай болды. Себебі, көмек келмесе де, көмектесуге ниетті жанның табылғанына қуандым. Сол бейтаныс арудың айтқан сөздері әлі есімде.

Дайындықтан кейін жатақханаға асығып бара жатқан кез еді. Студенттер үйі ХҚО-ның маңында орналасқан. Жанында жолаушылар өтетін жол бар. Бағдаршам жоқ болғандықтан жаяу жүргінші үшін қиындау. Жолдың арғы бетінде мүмкіндігі шектеулі, жасы үлкен кісі тұр екен. Жолдан өту мүмкін емес. Көлік көп. Сол кезде оның қасына бейтаныс қыз келіп, қолынан ұстап, жолдан өтуге көмек берді. Енді бір қарасам, жаңағы кісі қызға алғысын айтып жатыр.

«Жақсылық жасау – жүректің ісі» демекші, таза ниеттен шыққан батылдық адамды игі істерге жетелейді деп ойлаймын.

Мұқтаж жанға көмек беру – қайырымдылық. Бірақ қоғамда ол тек жағдайы жақсы, бай адамның мойнына асылып қойылатын міндет секілді. Шынында ол бәріміздің қолымыздан келеді. Жай түсіндіру, жол сілтеу, орын беру, демеп жіберу – бұл оңай. Бірақ оның басқа біреудің көңіліне, өміріне берері мол болуы мүмкін. Егер әрқайсымыз кішкентай дүниелерден бастасақ әлем кішігірім өзгерер ме ді? Қайырымдылық парыз емес, бұл өмір сүру мәдениетімізге айналуы керек.

Әлем – үлкен. «Басқа біреудің батылы жетпеген іске менің шыдамым жете ме?» Жетеді. Жақсылық жұқпалы. Саған тәнті болып, қасындағы жандар да өзіне маңызды ойлар түйіп алар. Бір қайырымды іс – жаңа әлемге бір қадам. Жақсылық жасайық. Себебі өмір әдемі. Бірақ ол тек әдемі адамдарымен әдемі.

Мерей ШӘКРАТ,

Қорқыт ата атындағы

Қызылорда университетінің студенті

Қазіргі заманда нашақорлық – қоғамдағы ең үлкен және қауіпті мәселелердің бірі. Бұл кеселдің салдары тек тұтынушыға ғана емес, оның отбасы мен жақындарына, тіпті бүкіл қоғамға зиянын тигізеді. Есірткіге тәуелділік адамның денсаулығына, ақыл-ойына, өмір сүру қабілетіне әсер етіп, болашаққа деген үмітін өшіреді. Сондықтан нашақорлыққа жол бермеу – әр азаматтың, әр отбасының және бүкіл қоғамның алдындағы маңызды міндет.

дүние – есірткіден бас тартып, салауатты өмірді саналы түрде таңдаймын.

Есірткінің зиянын түсіне отырып, біз оның адам өміріндегі барлық құндылықтарды жойып, денсаулық пен рухани әл-ауқатты құртуға түрткі екенін білеміз. Есірткінің бір рет қолданылуы адамның психологиялық, физиологиялық, әлеуметтік жағдайын толығымен өзгертіп, оны тәуелділікке ұрындырады. Есірткіге тәуелді адамдар өміріндегі ең маңызды құндылықтардан, яғни отбасы мен достық, еңбек пен білім сияқты маңызды құндылықтардан айырылады. Мұндай жағдайлар

Менің таңдауым – білімге, рухани өсуге және денсаулыққа бет бұру. Білім мен еңбек – адамның ішкі жан дүниесін байытып, толыққанды өмір сүруіне жол ашады. Біз өзімізді шындап, пайдалы дүниелермен айналысу арқылы өміріміздің мағынасы мен құндылығын арттырамыз. Ал бұл жолда есірткі мен басқа зиянды әдеттерге орын жоқ.

Мен есірткісіз өмірді таңдай отыра, болашаққа сеніммен қадам басамын. Бұл таңдау мені дамуға, салауатты және жауапты адам болуға жетелейді. Әрқайсысымыз салауатты өмір салтын ұстанып,

МЕН ЕСІРТКІСІЗ ӨМІРДІ ТАҢДАЙМЫН



Қазақта «Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады» деген тағылымды сөз бар. Расында, жылтыраған жаһанға еліктеушілік жасөспірімдерді түрлі дертке ұрындырады. Сұм есірткінің зияны туралы көпшілік жақсы біледі, алайда бұл бақытсыздықтың шыр-мауына түсіп қалғандар да аз емес. ХХІ ғасыр індетіне айналған бұл нашақорлық, аты айтып тұрғандай, өміріңді қор етеді. Сондықтан мен қанша жанның өмірін ойран еткен сұм

адамның тұлғалық қасиеттерін төмендетіп, еркіндікке деген ұмтылысын жояды.

Есірткісіз өмір – бұл бақытқа, денсаулыққа және салауатты болашаққа бастар адал жол. Біз өзімізді дамытып, физикалық, рухани және психологиялық тұрғыдан жетілуді таңдағанымызда, болашақта есірткі мен басқа зиянды әдеттерден аулақ боламыз. Қоғамдағы әр адам салауатты өмір салтын ұстанса, бақытты қоғамның негізі қалыптасатыны анық.

өзіміздің және қоғамымыздың болашағын жарқын етуге өз үлесімізді қоса аламыз. Бізді қоршаған қоғамға да есті кетіріп, ессіз әлемге жетелейтін есірткіден аулақ болуды үндеймін. Өз-өзімізге қорған болып, өзгенің өмірін де қорғай білейік, жас дос!

Гүлсезім ЖҰМАҒҰЛ,

Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы «Жас тілші» үйірмесінің оқушысы

Батыр мінген Ақбоз ат

Батыр Бауыржан Момышұлының есімі аталғанда, Ақбоз аты қатар айтылады. Ол туралы аңыз да, өңгіме де көп. Ақбозы туралы батыр өз естеліктерінде де жазып қалдырған.

«Мен – ат баптар қазақтың баласымын. Жылқы жүйрігін айтпай танымын. Егер білсем, бұл – қазақтың қарабайыр жылқысы. Еркін далада құйынмен жарыса, көсіле өскен, кең тынысты жануар. Күн-түн шапсаң талмайды өзі және ақбоз екен, – деп аттың жонарқасын сипап, сауырын қағып-қағып қойдым» дейді естеліктерінде.

Жанында тұрған старшина ақ боз атты таңдауының сырын сұрағанда: «Жылқының ақбозын халық қасиетті деп санайды. Біздің елдің батағы батырмен жарыса, көсіле өскен, кең тынысты жануар. Күн-түн шапсаң талмайды өзі және ақбоз екен, – деп аттың жонарқасын сипап, сауырын қағып-қағып қойдым» дейді естеліктерінде.

Жанында тұрған старшина ақ боз атты таңдауының сырын сұрағанда: «Жылқының ақбозын халық қасиетті деп санайды. Біздің елдің батағы батырмен жарыса, көсіле өскен, кең тынысты жануар. Күн-түн шапсаң талмайды өзі және ақбоз екен, – деп аттың жонарқасын сипап, сауырын қағып-қағып қойдым» дейді естеліктерінде.

Алаштан кейін атқа отырған – Бауыржан Момышұлы секілді. Қаһарман ұлдың ақ боздың үстінде қасқайып отырған сәті таспаланып қалған. Ел есін жиып, атқа құмарта бастағаны бертінде секілді. Оның өзінде бәйгеге шаппаса, жаппай атқа шапты деп тағы айта алмаймыз.

Қазақ ашаршылық тұсында аттан айрылды. Қанаты қайырылды. Біз атқа мінген арыстар туралы жазғанда ежелден жауынгер ұлттың ұландарының рухы жоғары болғанын айтқымыз келген. Әлихан Бөкейхан «Ұлтқа қызмет ету – мінезден» дегенде, тұлпар мініп, ту ұстаған өршіл халыққа табиғаттан дарыған осы еркін мінезді меңзесе керек. Осы күнгі кей жастардың көбіне бозөкпе, босбелбеу, ынықтық келуінің бір себебі – ат үстіне үзенті артапқандықтан емес пе екен деп қалатынымыз да жасырын емес. Оның үстіне қазіргі жылқы ұстап, ат баптаған азаматтар мініске арналған жылқыдан гөрі бәйгеге, ат жарыстырып, атақ шығармақ ниетпен ғана ұстап жүрген сияқты көріністіңін айту артық болмас.

Нұрсұлтан РАМАНЗАНҰЛЫ

Қазақ пен қазанат егіз ұғым іспеттес. Бөліп қарауға әсте болмас. «Қазақ – жылқы тектес» деп жататынымыз да содан болар. Белгілі жазушы Асқар Сүлейменовтің: «Басқа халық қайдан жаралсын, мейлі маймылдан болсын, шатағым жоқ. Дәл біздің қазақ жылқыдан, тұлпардан туған» дегені тағы бар. Расында қазақ пен қазанатты байланыстыратын бір тылсым күш бары анық. Қазақ ғасырлар бойы жылқының жүйрігін, мықтысын бөлектеп, іріктеп өсірген. Одан бөлек қазаққа қызмет қылған ұлт қайраткерлерінің де сүйікті тұлпарлары болғанын ұмытпағанымыз абзал. Ендеше бүгін жылқының тарихы емес, қазанаты серігіне айналған қазақтың танымал тұлғалары туралы тереңдеп көрелік.

Батырлар жырын оқыған әр қазақ Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбурылы, Қаматты батырдың Қаракасасы, Ер Тарғынның Тарланын жақсы біледі. Анталаған жауды қанаттары әрі төзімді тұлпарсыз жеңу мүмкін емес еді. Сол себепті де батырларға қазанаты сенімді серік болды. «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» деп хакім Абай айтпақшы, жылқы баласының сұлу жаратылысы талай ақынға жыр да болды, көркем образға да айналды.

Жылқының ерекше қасиеті батырлар жырында ғана көрініп тапқан жоқ, одан кейін де талай тұлғаға сенімді серік болды. Ақан серінің Құлагері туралы Ілияс Жансүгіров ерекше поэма жазды. Ақынның «Құлагер» поэмасы талай жанның жүрек қылын шертті. Тұңғыш олимпиада чемпионы болғаны Абсент жылқысы да Луговойдан шыққаны белгілі. Жылқы мен қазақ егіз ұғым дейтініміз де содан болар.

Міржақыптың Алағөзі

Міржақыптың атқа құмарлығы бала кезде басталған. Жүйрік ат, құмай тазы – ер жігіттің қайраты. Міржақып ту сондай сұлғаға құмартса керек-ті. Гүлнәр Дулатованың «Шындық шырағы» атты кітабында әкесінің жылқыға құмарлығын ерекше суреттейді. «Әкем жылқы малын жақсы көретін, асылтұқымды жүйрік сәйгүліктерге құмар болатын. Елде өзі мініп жүрген талай аттарын сағынып, мақтанышпен есіне алатын. Қызылордада таныстары сыйлыққа берген екі-үш аты есімде, бірақ мырза Міржақыптың қолынан тез тарап кететін, келген жекжаттарына мінгізіп жіберетін. Ақбоз атын ер-тұрманымен Шоңның Жүсіп қажысына (Ахметсафаның әкесі) бергенін білемін. Өзінің ұсталып кеткенінше мініп қызығын көрген жирен қасқа Алағөзін бәріміз жақсы көретінбіз. Оған байланысты көп қызық оқиға өткен, оны қоя тұрайын. Әкем Алағөзге мініп, редакцияға баратын, аңға да шығатын. Аңшылық дегенім – құс атуды әуес көретін, айтулы мерген еді» деп жазады.

Құлагердей ат қайда?

Атқұмар қазақтың бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол туралы Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебінде» ерекше суреттейді. Сәкеннің жылқыға арнаған өлеңдері де өте көп. Тар қапаста жатып, жырлаған өлеңдерінің бірі «Тұлпарым» деп аталады. Бұл бір жағынан еркіндікті аңсаған қазақтың өз тағдыры болса, екінші жағынан тұлпарын сүйген Сәкеннің өз тарапы болатын.

– Темір торлы тас үйде, Көкірегім толды шерменен. Қанатты, тағы тұлпарым, Арқырап келші кермеден. Тұмарлап баптап, айдарын, Құйрығын сүзіп ерлеген.

Құтқаршы мені қамаудан Шынжырлап ерік бермеген. Сәкен мұны түрмеде жатқан азапты күндерде жазған. Туған жерге деген сағынышын осылай



жеткізген. Сол сағынышты «тұлпар» образында беріп отыр.

«Құлагер» – Ілияс Жансүгіровтің шоқты поэмаларының бірі. Ақынның Құлагерді жырлауына Ақан серінің өмірі мен тұлпары себеп болғаны

даусыз. Әрі атақты серінің «Құлагер» өлені де ерекше әсер қалдырса керек-ті. Тарихтан белгілі, Құлагердің өлімі Ақанға оңай тиген жоқ. Ол айдалада Құлагердің басын құшақтап, көзінен қанды жас аққанша жылағанын Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» романында да жазады. «Осы кезде шапқылаған ат дүбірі еміс-еміс естілгендей болды да, іле «Қарағым! Қанатым!» деген иесінің дірілдеген даусы дәл құлағының түбінен шықты. Ақтық рет ышқынып, басын көтеріп алған Құлагер сары аттан домалай түсіп тізерлеп отыра кеткен Ақанның құшағына жағын төседі. Иесінің үсті де шықылдаған су екен. Ағыл-тегіл боп аққан көз жасына малып алғандай. «Айдалада жалғыз қалдырмай, жеттің бе, үлгердің бе? Менің қазам енді жеткен шығар, ризамын саған, бақыл бол!» деп кісінегендей болды. Бірақ тағы да үні шықпай, ерні жыбырлаған күйі көзі жұмылмай қалды. Оқыс тұяқ серпіп, қинала керілген Құлагердің ашық қалған көзінде мөлтілдеген жас төгілмей тұнып тұр. Ақанның көзінен бір тамшы жас әлгі көлге үзіліп түскендей жан біткендей дір етті. Ақан аһ ұрып, он жыл серік болған аяулы досының

жансыз көзін жапты»... Жауыздықтың шегі болмас, қаныпезерлер Құлагерді ғана өлтірген жоқ еді, ақынды да «тірі өлікке» айналдырған. Жан жүрегі паршаланып, Құлагерін құшақтап, егіліп жылаған Ақан бейнесі қалды...

Жуырда Қызылорда облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Артаевтың төрағалығымен алты ай көлемінде атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша барлық спорт мекемесі басшыларының қатысуымен жиын өтті.

Басқосуда мекеме басшыларының функционалдық міндеттемелеріне қойылатын жаңа талаптар, «Қайсар» футбол клубының қазіргі нәтижесі және ойыншылар алу, сондай-ақ клубқа қосымша инвестор тарту мәселесі, қала және аудандарда орналасқан спорт кешендеріне жөндеу жұмыстарын қысқартып орындау, басқармаға қарасты мекеме бюджетін жоспарлы игеру мен алда болатын ауқымды спорттық іс-шараларды жоғары деңгейде өткізу бойынша бірқатар мәселе талқыланды.

— Бұдан былай мекеме директорларының келісім-шартына қосымша жүктемелер енгізіледі. Бұл міндеттемелерге олимпиадалық спорт

түрлеріне басымдық беру, Әлем, Азия және ҚР чемпионаттарындағы көрсеткіштердің жоғары болуы, мекемедегі бюджет қаражатын жоспарлы және тиімді игеру талабы да қойылады. Бұдан бөлек, аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес, жеке кәсіпкерлер теңгеріміндегі спорт алаңдарын қайта жаңғырту және барлық спорт мектептеріне осы бастан жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын жүргізу де басты назарда болады. Ашығын айту қажет, бүгінгі күнге дейін мұндай міндеттемелер мекеме басшыларына жүктелмеген. Алғаш рет осындай бастаманы көтеріп, жауапкершілік артып отырмын. Бұл салаға жаңа серпіліс пен оң өзгеріс әкеледі, — деді Бахтияр Ғарифуллаұлы.



СЫР СПОРТЫ: СЕРПІЛІС ПЕН ӨЗГЕРІС

КЕЛІССӨЗДЕР «ҚАЙСАРДЫҢ» ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТА АЛА МА?

Биыл Мемлекет басшысының бастамасымен шет мемлекеттерден келген ойыншыларға бюджеттен және квазимемлекеттік секторлардан қаржы бөлмеу туралы жаңа заң қабылданған болатын. Осыған байланысты, аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының батыл қадам жасауы арқылы елімізде алғашқылардың бірі болып «Қайсар» футбол клубы легионерлерден бас тартты. Жаңа маусымда құрамын қазақ балаларымен толықтырған қасқырлар алғашқы ойындардан-ақ сәтті өнер көрсетіп келеді. Әлі де болса тәжірибелі ел ойыншыларын тарту басты назарда отыр. Бірақ олардың барлығына бірдей қаржы тауып беру де оңай болмай тұрғаны анық.

Соған сәйкес басқарма басшысы бұған дейін команданың нәтижесін жақсарту мақсатында футбол клубтың директоры Талғат Әбдіғалпаұлына инвестор тарту, келесі түр ойындарына тәжірибелі 4-5 ойыншы алу, кәсіпкерлермен келіссөздер жүргізу арқылы инвестиция көлемін арттыру туралы тапсырма берген болатын. Талғат Әбдіғалпаұлының айтуынша, қазіргі күні белгілі демеушілермен келіссөздер жасалып жатыр.

— Бүгінде «Қазгермұнай» АҚ компаниясымен келіссөз жүргізіліп, нәтижесінде командаға 30 миллион теңгеге жуық қосымша инвестиция тартылады деп жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ басқа да жергілікті кәсіпкерлермен байланыс орнатып отырмыз.

Ал «Қайсардың» сапына жаңадан 3 ойыншы қосылды. Жақын арада команда құрамына тағы да тәжірибелі ойыншыларды қосатын боламыз, — деді ол.

Осы ретте басқарма басшысы бұл бағыттағы жұмыстарды уақытылы жалғастыруды, инвестиция көлемін одан әрі арттыруды, кәсіпкерлермен тиімді келіссөздер жүргізуді тапсырды. Сонымен қатар, команданың бас бапкері Виктор Кумыковқа премьер-лига ойындарындағы нәтижені көтеруді және команда жетекшісі Мақсат Байжановқа клубтың нәтижесіне тікелей жауапты екенін қатаң түрде ескертті.

«ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДЕЙІН БАРЛЫҚ СПОРТ ҒИМАРАТТАРЫ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ»

Жыл басында аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының тапсырмасына сәйкес, басқарма басшысы барлық ауданға жұмыс сапарымен барып, ондағы спорт мектептерінің жұмысымен етене танысқан болатын. Іссапар барысында ғимараттарды күтіп-ұстау, жуынатын орындардың талапқа сай келмеуі, спорт кешендерінің апаттық жағдайы назарға алынып, директорларға тиісті тапсырмалар берілген.

Дей тұрғанмен басқармаға қарасты кейбір мектептерде аталған тапсырманы уақытылы орындамағаны анықталған. Соған сәйкес Бахтияр Ғарифуллаұлы белгіленген мерзімде ғимараттарға жөндеу жұмыстарын жүргізбеген директорларды сынға алып, қатаң сөгіс берді. Оған қоса екі апта көлемінде демеушілер есебінен ғимараттарға жөндеу жұмыстарын жүргізіп, жаңа оқу жылына дайын болу керек екенін, қысқы дайындық жұмыстарын жүз пайыз толық жүргізіп, жылу беру желілері, көмір және дизель отындарының жеткілікті болуын ескертті.

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫ ЖОСПАРСЫЗ ЖҰМСАЛЫП ЖАТЫР

Мемлекеттен бөлінген қаржыны тиімді игеру — басты міндет. Алайда мақсатсыз жұмсалған қаржы саланы дамытуға кері әсерін тигізетін сөзсіз. Жиында қозғалған ең өзекті мәселенің бірі де бөлінген қаржыны жоспарсыз жұмсаған мекемелерге қатысты болды. Зерделеу барысында 10-нан аса мекеменің алты ай ішінде жылдық қаржының 75 пайыздан жоғары жоспарсыз жұмсағаны анықталды.

Осыған байланысты басқарма басшысы аталған мектеп директорларына жеке-жеке тоқталып, қатаң сөгіс беріп, осы уақытқа дейін бюджет қаражатын игеруде осалдық танытқандардың жұмысы одан әрі зерделенетінін жеткізді. Тексеру барысында мемлекеттен бөлінген қаржы көлемі мақсатсыз пайдаланғаны дәлелденетін болса, мекеме басшысына, бас есепшісіне және сол спорт түрі бойынша бапкеріне шешім қабылданатынын да назарға салды.

— Барлық мекеме басшыларына бюджет қаражатын орнымен, тиімді игеруді тапсырамын. Бұл кезге дейінде сіздерге қаржының 70 пайызын олимпиадалық, 30 пайызын ұлттық спортқа және олимпиадалық емес спорт түрлеріне бағыттауды тапсырған болатынмын. Қаржыны спорт түрлеріне бағыттау кезінде олимпиадалық спорт түрлеріне басымдық беруді қатаң тапсырамын. Сіздердің нәтижелеріңіз осы олимпиадалық спорт түрлерінен көрсеткен көрсеткіштеріңізге байланысты есептелінетін болады, — деді Бахтияр Артаев.

АЛДАҒЫ ШАРАЛАР АУЫЗБІРШІЛІККЕ ШАҚЫРАДЫ

Басқосу соңында тамыз айында Сыр өңірінде өтетін ауқымды іс-шаралардың легі талқыланды.

Атап айтсақ, 5-13 тамыз аралығында «Үстел теннисі» орталығында ауыр атлетикадан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Велорий Пактың жұлдесіне арналған халықаралық турнирі ұйымдастырылмақ. Бәсекеге әлемнің алпауыт 10 елінен зілтеміршілер ат басын бұрады. Сондай-ақ 15 тамызда «Спорт күні», 16-25 тамыз 2013 жылы туған жасөспірімдер арасында футболдан ҚР чемпионаты, 18-22 тамыз аралығында Қызылорда қаласында ауыл спортшыларының «Алтын күз — 2025» облыстық спартакиадасы мен «Ақ бидай» республикалық спартакиадасына іріктеу жарысы өтеді.

Ал 20-23 тамыз аралығында мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаевты еске алуға арналған футболдан республикалық турнир және 27-30 тамыз аралығында мүмкіндігі шектеулі жандар арасында облыстық спартакиада жоспарланып отыр.

— Тамыз айында ауқымды іс-шаралар күтіп тұр. Дайындық жұмыстарын осы бастан жүргізіп, жауапкершілікпен қарауымыз керек. Абырой ортақ. Сондықтан барлығымыз «бір жеңнен кол, бір жағадан бас шығарып», барлығын абыроймен атқаруымыз қажет, — деді Бахтияр Ғарифуллаұлы.

Нұр БАҚЫТ

Мемлекет басшысы биыл Бурабайда өткен Ұлттық құрылтай отырысында халықтың спорттық инфрақұрылымдарға қолжетімділігін арттыру мақсатында облыс орталықтары мен аудандарда заманауи стадиондар мен спорт кешендерін салу мәселесіне ерекше тоқталған болатын.

ЖАҢА СТАДИОН ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛУГЕ ЖАҚЫН



Ел Президенті және Үкіметтің ерекше қолдауымен, аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен бытыр Қызылорда қаласының сол жағалауында құны 20,9 миллиард теңгені құрайтын 11 мың орындық жаңа стадионның құрылысы басталды.

Бұл стадион халықаралық стандарттарға сай салынып жатқандықтан әлемдік додаларды жоғары деңгейде өткізуге мол мүмкіндік береді. Бірегей нысанда жасыл алаңнан бөлек, олимпиадалық спорт түрлеріне арналған бокс залы, күрестің үш түріне арналған атап айтқанда дзюдо, грек-рим, еркін күрес залы, фитнес залы, спорттық гимнастика, таеквондо және ауыр атлетика залдары қамтылатын болады.

Жаңа стадионның тағы бір ерекшелігі — халықаралық деңгейдегі «Феликс» компаниясының өнімдері арқылы жарықтандырылды. Ол түрлі деңгейдегі мәдени-спорттық іс-шараларды жоғары деңгейде өткізуге септігін тигізбек. Бұдан бөлек, жанкүйерлерге арналған «Қайсар» футбол клубының жабдықтарын сататын арнайы дүкен және дәмхана қарастырылады.

Сыр халқы сол жағалаудан бой көтерген 11 мың орындық жаңа стадионның ашылуын асыға күтіп жүр. Бұл нысан осы жылдың қыркүйек айында пайдалануға беріледі. Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Ондасынұлы осылай деп отыр.

ЖАСЫЛ АЛАҢДАҒЫ ЖЕТІСТІК

Қоғалдағы хоккей — Қазақстанда көпшілікке әлі кеінен таныс бола қоймағанымен, әлемнің көптеген елінде тамыры терең, қарқынды дамып келе жатқан спорт түрі. Бұл спортта техника, жылдамдық және командалық үйлесімділік ерекше маңызға ие. Қазақстанда осы бағытты дамытуға үлес қосып жүрген жандардың бірі — Нұрбол Қожым.

Нұрбол спортты сүйіп өсті. Қарапайым ауыл баласының жүрегіндегі жалындаған арман мен тынымсыз еңбектің нәтижесі халықаралық деңгейдегі жетістіктер мен құрметті марапаттарға ұласты. Кейіпкеріміз — Қазақстандағы допты хоккей спортының беткеуістар өкілі, бапкер, төреші әрі бүгінде сала басшыларының бірі.

Нұрболдың спортқа келу жолы 2009 жылы басталған. Бар болғаны 13 жастағы бозбала хоккейге ерекше ықыласпен ден қойып, күн сайын жаттығу залы мен алаңда бар күшін салды. Бұл табандылық нәтижесіз қалған жоқ. 2010 жылы «Спорт шеберлігіне кандидат», ал небәрі үш жылдан кейін, 2013 жылы «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атағын иеленді.

Жас спортшы ұлттық құрама сапында талай елдің намысты ойыншыларымен бақ сынасқан. Азия чемпионаттарының бірнеше дүркін жүлдегері атанып, ФІН — Х а л ы қ а р а л ы қ х о к к е й



федерациясы ұйымдастырған турнирлерде жеңіске жетіп, «үздік ойыншы» деп танылды. Азия ойындары мен халықаралық ашық біріншіліктерде еліміздің туын биікте желбіретіп, Қазақстан спортының абыройын асырды.

Халықаралық аренадағы тәжірибесін жинақтап, кәсіби спортшылық жолын жаңа

еңбек сіңірген жаттықтырушысы, халықаралық дәрежедегі төреші және елімізге еңбегі сіңген маман. Бұдан бөлек, ол ұлттық жастар құрамасының бұрынғы ойыншысы ретінде халықаралық жарыстарда ел намысын абыроймен қорғаған. Бүгінде Нұрбол Қожым — Қазақстан Хоккей Федерациясы вице-президентінің орынбасары қызметін атқарып, хоккей спортының дамуына стратегиялық тұрғыдан үлес қосып келеді. Бұл лауазым арқылы ол еліміздегі хоккей спортының жүйесін жетілдіруге, дарынды жастарды қолдауға әрі Қазақстанның халықаралық беделін арттыруға күш салып жүр.

Сондай-ақ Нұрбол Қожым халықаралық жаттықтырушылармен байланыс орнату арқылы қоғалдағы хоккей саласында тәжірибе алмасуды жалғастырып келеді. Оның бұл спортқа деген жанкештілігі мен кәсіби біліктілігі шетелдік мамандар тарапынан да жоғары бағаланып отыр. Америкалық жаттықтырушы Casey Walker Нұрбол Қожымды өз ісінің нағыз маманы деп танып, оның Олимпиадалық спорт түрін дамытуға Америкада да үлкен үлес қоса алатынын ерекше атап өтті.

Мәселен, «Cal Cup» халықаралық турнирі аясында ұйымдастырылған жарыстарда ол



деңгейге көтерген Нұрбол бапкерлікке бет бұрады. Оның тәлімінен өткен талай жас спортшы бүгінде ел намысын қорғап жүр. Соның ішінде ерекше мақтанышымен айтуға тұрарлығы — Ағылтай Дүйсенғазы. Ол 2025 жылы «Азияның үздік жас ойыншысы» атанып, Қазақстан спорты тарихында есімі алтын әріппен жазылды.

2023 жыл Нұрбол Қожым үшін тағы бір белеске айналды — ол халықаралық дәрежедегі төреші ретінде ФІН ұйымынан ресми аккредитация алып, еліміздің еңбек сіңірген төрешісі атанды. «Әділ төрелік — спорттағы ең үлкен жауапкершілік. Бұл абырой маған сенім ғана емес, биік міндет жүктейді», — дейді ол.

Нұрбол Қожым — көп қырлы маман. Ол — Қазақстан Республикасының спорт шебері,


жұмыс барысында белсенді атсалысып, нәтижесінде шәкірттер екінші дивизионда бірінші орын иеленді. Бұл — Нұрбол үшін кәсіби тәжірибені кеңейтуге және қазақстандық хоккей мектебінің әлеуетін көрсетуге зор мүмкіндік болды.

— Спорт маған тек жеңістер мен марапаттар ғана емес, өмірлік бағыт, ұстаным, тәрбие мен көшбасшылық қасиет сыйлады. Енді сол жолдан алған тәжірибемді жастарға бергім келеді. Себебі менің миссиям — жеңіске жеткендер санын емес, арманына адал бола білген жастар санын арттыру, — дейді Нұрбол Қожым.

Жетістікке жету — бір басқа, ал сол жолда жүріп, Нұрбол секілді өзгеге жол көрсету — нағыз азаматтың ісі.

Нұршат НЫШАНОВА

«АЖ» ақпарат



МӘНЕРЛЕП СЫРҒАНАУ: АРТУР СМАҒҰЛОВ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕ ИЕ БОЛДЫ

Алматы қаласында 16–19 шілде күндері мәнерлеп сырғанаудан өткен Қазақстан Республикасының жазғы чемпионатында біздің спортшымыз Артур Смағұлов үздік өнер көрсетіп, күміс жүлдеге ие болды.



Рауаж ЖАРЫЛҚАСЫНОВ:

«ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫМ ӨМІРІМНІҢ БІР БӨЛШЕГІНЕ

АЙНАЛДЫ»

Қарапайым ақ паракқа жан бітіру – екiнiң бiрiнiң қолынан келе бермейтiн қасиет. Ал киiмге, тiптi тазалық құралдарына сурет салып, оны өнерге айналдыру – ерекше көзқарас пен таланттың жемiсi. Бүгiнгi кейiпкерiмiз – TikTok желiсiнде миллиондаған адамның жүрегiн жаулап, жұрт «Алдаров» деп танитын суретшi Рауаж Жарылқасынов. Ол қылқаламның көмегiмен iшкi сырын бөлiсiп жүрген жан. Суретшiмен шығармашылық жолы жайында ашық әңгiме өрбiттiк.

– Сурет әлемiне алғаш қадам басқан сәтiңiз есiңiзде ме? Өнерге деген қызығушылығыңыз қай кезден басталды? Жалпы өзiңiз туралы, қызығушылықтарыңыз жайлы айтып өтсеңiз.

– Аты-жөнiм – Жарылқасынов Рауаж Жарылқасынұлы, әлеуметтiк желiлерде «Алдаров» деген лақап атпен танымалмын. Жасым 23-те. Қазiргi уақытта Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетiнiң «Кескiндеме» (живопись) мамандығы бойынша бiлiм алып жатырмын. Жұырда үшiншi курсты тәмамдадым.

Туған жерiм – Алматы облысы, Қарасай ауданына қарасты Ұлан ауылы. Қазiргi таңда отбасыммен бiрге осы ауылда тұрамын. Отбасымызда бес адамбыз. Күн сайын ауылдан қалаға қатынап оқимын. Сонымен қатар Алматы қаласындағы балаларға арналған ойын-сауық паркiнде оператор болып жұмыс iстеймiн.

Сурет – мен үшiн мамандық қана емес, рухани тынысым, жан дүниемнiң көрiнiсi. Жалпы бала кезден шығармашылыққа жақынмын. Жай қызығушылықтан басталған бұл iс менi дара еткен өнер жолының бiрi. Алғашында суреттерiмдi 12 беттiк дәптерге салушы едiм. Әркiмнен дәптер сұрап, қарапайым қаламмен оймдағы бейнелердi қағазға түсiретiмiн. Осылайша бiрте-бiрте қызығушылығым сүйiктi iсiме, өмiрiмнiң бiр бөлшегiне айналып кеттi.

– Сурет салу бiреуге хобби, бiреуге ем, ендi бiреуге кәсiп. Ал сiз үшiн қылқалам тек рухани ләззат па, әлде табыс көзiне де айналып үлгердi ме?

– Өте орынды сұрақ! Қазiр сурет салу мен үшiн – хобби, ем, терапия, өмiр, шабыт, рухани тыныс әрi табыс көзi. Өнерсiз өзiмдi елестете алмаймын. Күлкiлi естiлетiн шығар, алайда сурет салсам, өзiмдi тiрi сезiнемiн. Әрине өнер арқылы аста-төк табысқа кенелiп жатқаным жоқ. Бiрақ портрет жанрындағы тапсырыстар арқылы аз да болса нәпақамды тауып жүрмiн. Портрет салу – мен үшiн ерекше, себебi адамның iшкi әлемiн бейнелеу, жан дүниесiн қағазға көшiрудi нағыз өнер деп бiлемiн.

– Сiздiң шығармашылық тәсiлiңiз шынымен ерекше. Бiрде ақ паракқа, бiрде киiмге, кейде тiптi тұрмыстық тазалық құралдарымен сурет салады екенсiз. Шабыт көзiң қайдан аласыз? Ал өнер жолындағы ұстазыңыз, кумирiңiз кiм?

– Мен – өз бетiнше үйренген суретшiмiн. Не бар, қолымнан не келедi – сонымен сурет саламын. Құрал талғамаймын. Көргенiмдi жасап көремiн. Осылайша тәжiрибе жинап жүрмiн. Қазiрдi өзiнде сурет салуға қатысты сан түрлi идеям бар. Шабытты әкемнiң даналық сөзiнен, жүрегiмдегi махаббаттан, айналамдағы шапағаттан аламын. Ал елiктейтiн, ерекше шабыттандыратын тұлғам – Винсент Ван Гог. Оның туындылары маған идея мен шабыт қана емес, энергия сыйлайды. Ол – менiң өнердегi шынайы кумирiм.

– «TikTok» бүгiнде көптеген жас өнерпаздың



өзiн танытуына жол ашқан үлкен алаңға айналды. Бұл платформамен таныстық қалай басталды? Жұмыстарыңызды көпшiлiкке ұсыну туралы ой қалай пайда болды?

– «TikTok» желiсi туралы алғашында сыныптастарым айтты. 2020 жылы бiрiншi видеомды жүктедiм. Бастапқыда видео түсiрiп, көпшiлiк алдында сөйлеу маған қиын болды. Алайда оқырмандарымның қолдауы мен достарымның мотивациясының арқасында бүгiнде үш паракшам бар. Бiреуiнде – бiр миллион, екiншiсiнде – 361 мың, үшiншiсiнде – 9 мыңға жуық оқырман. Бұрыннан өз еңбектерiмдi көпшiлiкке көрсеткiм келетiн. TikTok желiсi – менiң сол арманымды жүзеге асыруға мүмкiндiк берген платформа.

– Нағыз өнер туындысы тек бояу мен сызық қана емес, өмiрдiң өзiн бейнелейтiн үңсiз тiл. Сiз сурет арқылы көрерменге қандай ой жеткiзгiңiз келедi?

– Дұрыс айтасыз. Көптеген суретшi өз туындысы арқылы тарихта iз қалдырып, бейнелеу өнерiн насихаттап, мәнiн танытқысы келедi. Ал мен осы өнер арқылы, ең алдымен, өз есiмiмдi тарихта қалдырсам деймiн. Екiншiден, елiмiзде бейнелеу өнерiнiң маңызын көп адам әлi де терең түсiне бермейдi. Сол себептi сурет өнерiнiң қандай әлем екенiн, оның артында қанша еңбек жатқанын көрсеткiм келедi. Бұл – үлкен еңбек, үлкен әлем. Оны бағалап, түсiне бiлсе екен деймiн.

– Әңгiмeciзге рақмет!

Сұхбаттасқан
Қорлан САРЫ

«АЖ» КЕҢЕС

Қадiрлi жас дос, мектеп қабырғасындағы оқушы кезеңдi аяқтап, өмiрдiң жаңа бөлесiне көтерiлгелi тұрсыз. Алдыңыздан түрлi қиындық пен сабаққа қатысты мәселелер кездесетiнiң қазiрден бiлетiн шығарсыз. Бiрақ мұны да шешуге мүмкiндiк бар.

«Ақмешiт жастары» газетiнiң жас оқырмандарына арнап студенттiк шақта қалай ерте тұрып, жұмыс өнiмдiлiгiн арттыру керек екенiне тоқталуды жөн көрдiк. Оқып, көрегiңiзге жаратыңыз. Жаңа кезеңге сәттiлiк тiлеймiз, құрметтi оқырман!

Алакеуiм шақ, сағат тiлi 6-ны көрсетiп тұр. Көп студент үшiн бұл уақыт – тәттi ұйқының ең терең кезеңi. Алайда табысқа ұмтылған талай жас дәл осы шақта оянып, жаңа күнiн бастап үлгередi. Қазақта «Ерте тұрған еркектiң ырысы артық, ерте тұрған әйелдiң бiр iсi артық» деген даналық бар. Расында да, ерте тұрудың артықшылығын ғылым да, өмiр тәжiрибесi де растап отыр. Әрине, жалқаулықты жеңiп, таң сәрiде ояну оңай емес. Бiрақ өзiн-өзi тәртiпке шақырып, күнiн жоспарлай бiлген жан бiлiм алуға, спортпен айналысуға, жұмыс iстеуге әрi кiтап оқуға уақыт табады. Ерте тұрған адам өзiн күнi бойы сергек сезiнiп, бiрнеше iстi қатар алып жүруге мүмкiндiк алады. Ендеше ерте оянудың пайдасы неде? Ал қатан күн тәртiбi бiздi табысқа қалай жетелейдi?

Дүниежүзiндегi бiршама табысты тұлға таңмен таласа тұруды әдетке

ТАҢМЕН ТАЛАСА ТҰР, СТУДЕНТ!



айналдырған. Мысалы, Apple корпорациясының бас директоры Тим Кук күн сайын 4-те оянып, жұмыс күнiн бастайды, атақты кәсiпкер Ричард Брэнсон, Starbucks желiсiнiң негiзiн қалаушы Говард Шульц және АҚШ-тың бұрынғы бiрiншi ханымы Мишель Обама да күндерiн ерте бастаумен танымал. Мұның себебi де жоқ емес. Мамандар жоспарланған таңғы режимнiң адамды табысқа бағыттауынын айтады. Ғылыми зерттеулер де осыны растайды. Гарвард университетiнiң биологы Кристоф Рандлер ерте тұрған адамдардың өзгелерге қарағанда белсендiрек болып, мәселелердi алдын ала болжап, тиiмдi шеше алатынын анықтаған. Мұндай проактивтi көзқарас олардың жоғары өнiмдiлiк көрсетуiне ықпал етедi. Сондай-ақ Торонто университетiнiң ғалымдары таңертең ерте оянатын жандар кеш оянағандарға қарағанда бақыттырақ сезiнетiнiн анықтап отыр. Демек,

ерте тұру адамға қосымша уақыт пен энергия берiп қана қоймай, көңiл күйiн көтерiп, жалпы өмiр сапасын жақсартуы мүмкiн. Ерте тұрудың студенттердiң де үлгерiмiне әсерi бар екенiн зерттеулер көрсетуде. АҚШ-тағы бiр зерттеу бойынша, өзiн «таңғы адам» деп санайтын студенттердiң GPA оқу үлгерiм көрсеткiшi кеш оянатын қатарластарынан жоғары болған. Зерттеушiлер мұның себебiн ерте тұратын жастардың сабаққа уақытылы қатынап, түнгi уақытты босқа өткiзбеуiнде дейдi. Яғни, таңғы әдет студентке бiлiм жолында қосымша басымдық беруi ықтимал.

Сонымен, ерте тұруды қалай әдетке айналдыруға болады? Ең алдымен, ұйқы тәртiбiн дұрыс жолға қою қажет. Кемiнде 7-8 сағат тынығу үшiн 22:00-де ұйықтауға дағдыланыңыз, ерте жатқан адамның ағзасында түнде мелатонин гормоны бөлiнiп, дене мен ми толық тынығады. Ұйықтар алдында телефон, компьютер секiлдi

құрылғыларды бiр шетке қойып, миыңызды тыныштандырыңыз. Оның орнына ертеңгi күнге шағын жоспар құрыңыз. Таңертең сiздi қуантатын, асыға күттiретiн бiр iс даярлаңыз. Мысалы, қызық кiтаптың бiрнеше бетiн оқу, жеңiл жаттығу жасау немесе дәмдi таңғы ас iшудi жоспарлау деген секiлдi дүниелер. Таңертең оятқышқа жұмсақ әуен қойып, шырылын көп сөзбай, бiрден төсектен тұрған жөн. Егер бiрден 6-да тұру қиын болса, оянатын уақытты бiртiндеп, күн сайын 15-20 минутқа ертерек жылжытып көрiңiз. Ең бастысы, мұны бiрнеше күндiк эксперимент емес, тұрақты әдетке айналдыру қажет. Демалыс күндерi де мүмкiндiгiнше бiр мезгiлде тұруға тырысыңыз, сонда ағзаңыз жаңа тәртiпке тезiрек бейiмделедi.

Джим Ронның «Тәртiп – мақсат пен жетiстiк арасындағы көпiр» деген сөзi бар. Тәртiп, яғни өзiн-өзi қадағалап, белгiленген жоспарға бағына бiлу – табысқа жетуудiң басты тетiктерiнiң бiрi. Америкалық шешен Джим Рон айтқандай, тәртiп адамды армандаған мақсатына жеткiзетiн көпiр iспеттi. Шын мәнiнде, табиғи талант пен жоғары интеллект әрдайым жетiстiкке кепiл бола бермейдi. Ал темiрдей тәртiп пен қажырлы еңбек көп жағдайда кемшiлiктердiң орнын толтырып, мақсатқа жеткiзедi. Осы ойында табысқа жету жолында туа бiткен қабiлет маңызды ма, әлде тәртiп пе деген сауал туындауы мүмкiн. Психолог-ғалымдардың пiкiрiнше, темiрдей қалыптасқан тәртiп туа бiттi қабiлет пен интеллект көрсеткiштерiнен де маңызды. Мәселен, АҚШ-та орта мектеп оқушылары арасында жүргiзiлген

зерттеуде өзiн-өзi жоғары деңгейде ұстай алатын, күн тәртiбiне назар аударатын оқушылардың үлгерiмi мен тест нәтижелерi құрдастарына қарағанда әлдеқайда жоғары болғаны анықталды. Бұл ғылыми дерек тәртiп пен өз-өзiн бақылау қабiлетi табысқа жетуге шешушi ықпал жасайтынын көрсетедi. Ол адамды күнделiктi мақсат-мiндеттерiн жүйелi орындауға үйретедi. Өзiн тәртiпке бейiмдеген жан уақытын ұтымды пайдаланып, басты iстерге басымдық бере алады. Мысалы, сабақ пен жұмысты қатар алып жүретiн студент үшiн қатаң тәртiп – нағыз қажет дүние. Өз уақытын тиiмдi басқару арқылы ол оқуына да, жұмысына да, денсаулығы мен жеке дамуына да үлгерiп, әр күнiн нәтижелi өткiзедi. Тәртiп – сыртқы жағдайларға тәуелсiз, әркiмнiң өз қолындағы құрал.

Жалпы, күн тәртiбiнде физикалық белсендiлiкке де мiндеттi түрде орын беру керек. Гарвард медицина мектебiнде жарияланған деректерге сүйенсек, жүйелi жаттығу миға нейротрофтық фактор бөлiп шығарып, оның қызметiн жақсартады. Ал таңертеңгi жаттығу адамға күнi бойы қуат пен мотивация сыйлап, жалпы өнiмдiлiктi арттырады екен. Әрине, әр күн бiр-бiрiне ұқсамауы мүмкiн, кейде жоспардан ауытқу да болады. Бiрақ басты мақсат – уақытты тиiмдi пайдалануды әдетке айналдыру. Өз-өзiңiздi дамытқыңыз келсе, күнделiктi өмiрiңiзге тәртiптi бiртiндеп енгiзiп көрiңiз. Бүгiн қалыптастырған пайдалы әдеттерiңiз – ертеңгi табысыңыздың кепiлi болатыны сөзсiз.

Инжу МАРЖАН